

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 169 (9487) | 1954 жылғы 25 август Сәрсенбі

Шығуына 35 жыл
және саны 20 тыйын

АСТЫҚ ЫСЫРАБЫНА ЖОЛ БЕРМЕЙІК: Қ. Сақатов. — Жұмысты сағаттық график бойынша істейміз. Я. Саленко. — Жабық қырманнар мен астық кептіргіштер тез тәртіпке келтірілсін. В. Веретенников. — Механизаторлардың қажырлы еңбегі (1-бет).

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (2-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: М. Нұрпейісов. Бір партия ұйымының жыйналысы А. Дүйсенбин. — Егін жыйнау жұмысына партия басшылығын күшейтеміз (2-бет).

Қазақстан филологтерінің жаңа еңбектері (2-бет).

БҮКІЛОДАҒТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ:

А. Ваха. — Эстон ССР-нің павильоны (2-бет).
ӘРБІР ҚОЛХОЗ БЕН СОВХОЗДА ҚОҒАМДЫҚ МАЛҒА ҚУНАРЛЫ АЗЫҚ МОЛ ДАЙЫНДАЛСЫН: З. Қасиев. — Мал шаруашылығына көңіл бөлінбеген жерде. И. Каргин. — Жемшөп сүрлеу жұмысы жақсартылсын. Т. Кәдіров. — Полудень ауданында жемшөп дайындау қарқыны нашар (3-бет).

А. Жуковский. — «Комсомолка» тігін фабрикасының жұмысы нашар (3-бет).

А. Жақанов. — «Ештен кеш жақсы» (3-бет).

А. Хамидуллин. — Татар артистерінің концерті (4-бет). Шетел хабарлары (4-бет).

Мұғалімдердің август кеңесі

Ертең облысымыздың барлық аудандарында және қалада мұғалімдердің август кеңесі басталады. Бұл кеңесте өткен оқу жылының табыстары мен кемшіліктеріне қорытынды жасалып, жаңа оқу жылының міндеттері талқыланбақ.

Коммунизмнің болашақ құрылысына жас ұрпақтарға коммунистік тәрбие беру, оларды оқыту — мемлекеттік зор маңызы бар іс болып табылады. Сондықтан да мектеп өмірінде кездескен өткен оқу жылының кейбір кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығарып, мектептерде оқу-тәрбие жұмысын кәзіргі талаптарға сәй ұйымдастыру үшін қолда бар мүмкіншіліктердің барлығын орынды түрде пайдалануға жетісудің нақты шараларын белгілеу мұғалімдердің август кеңесінің күн тәртібіндегі басты мәселе болуға тиіс.

Оқыту сапасын арттыру жолындағы күресте айтарлықтай табыстарға ие болған мектептер біздің облысымызда аз емес. Бұған мысал ретінде Октябрь ауданындағы Қызылту жетіжылдық мектебін алуға болады. Бұл мектептің оқытушылар коллективі мектеп директоры Қ. Байазев жолдастың басшылығымен мектепте оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда едәуір табыстарға ие болды. Соның нәтижесінде мұнда өткен оқу жылы сабақ үлгерушілер саны өте аз болды. Сонымен бірге, политехникалық оқуды жүзеге асыру ісі үлгілі түрде жүргізілді. Әресе, оқытушылар жастарды еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге баса назар аударды. Соның нәтижесінде бұл мектепті бітіргендердің көпшілігі ауылшаруашылық және техникалық оқу орындарына түсуге тілек білдірді.

Алайда, көптеген мектептердің жұмысында әлі де бірқатар елеулі кемшіліктер бар. Әресе, мектеп оқушылары еңбексүйгіштікке нашар тәрбиеленеді, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендету негіздерімен таныстырылмайды, еңбек дардыларына жеткілікті төселдірілмейді. Мұның өзі облыс мектептерінің әлі де болса СОКП XIX съезінің мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыру жөніндегі директиваларын нашар орындап отырғандығын көрсетеді.

Жаңа оқу жылы халық ағарту органдарының алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Әресе, жаңа оқу программаларын барлық мұғалімдердің творчестволықпен игеруіне жетісу — мектеп коллективінің бүгін таңдағы басты міндеті болуға тиіс. Бұл жағдай халық ағарту органдарының


олардың ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп орындарында белсенді жұмыс істеуге ұмтылушылыққа тәрбиелеу мәселесі кеңінен және жан-жақты талқылануға тиіс.

Мектепте оқушылардың ұйымшыл коллективін ұйымдастыра алғанда ғана оқу сапасын жақсартуға болады. Шындығында саналы тәртіпті, еңбексүйгіш оқушылар коллективін қалыптастыру оқушылардың өзара коммунистік қарым-қатынаста болуына, олардың оқуға және еңбекке саналы қарауына жетісуге мүмкіншілік береді. Сондықтан мектептің мұғалімдер коллективі, әресе, оқушыларды біресе күш жұмсай отырып, қыйыншылықтарды жеңуге дағдыландыру мәселесі, не баса назар аударулары керек. Ал, мұның өзі жас ұрпақтардың коллектившілдік, патриоттық сезімдерін дамыта береді.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысының табысты болуы ең алдымен мұғалімдерге, олардың іскерлік және моральдық сапасына байланысты. Өзінің ісімен, адамгершілік қасиетімен, ізгі мінездерімен оқушыларға үлгі болған мұғалімдердің оқу-тәрбие жұмыстарында да табысқа жететіндігі әбден мәлім. Ал, рухани жағынан азғындалған немесе байшылық-феодалдық қалдықтар мен діни соқыр сенімнің қараңғылығынан арыла алмай жүрген мұғалімдер ешуақытта өз ісінде табысқа жете алмайды. Ал, мұндай бірін-сараң мұғалімдер біздің арамызда жоқ емес. Бұған мысал ретінде Октябрь ауданындағы Ақсу жетіжылдық мектебіндегі жағдайды айтуға болады. Бұл мектептің оқытушылары Есмағанбетов, Жәкенов дегендер балаларды коммунистік рухта тәрбиелеудің орнына, өздері маскүнемдікке салынып, рухани азғындалушылыққа ұрынған. Ал, мектеп директоры Дайыров бұл баебуарларды тәртіпке шақырудың орнына өзі олардың ықпалына ерген. Бұл жағдай мектепте оқу-тәрбие жұмысының мүлде төмен болуына өкеліп соқтырды. Ақсу жетіжылдық мектебінде өткен оқу жылы облыс бойынша ең төмен көрсеткіштермен аяқтауын тек осыдан деп білуіміз керек. Мұғалімдердің август кеңесінде мектеп өмірінде орын алып отырған бұл сыяқты төзгісіз фактілер қатаң сынға алынып, олардың қайталанбауына қарсы нақтылы шаралар белгіленуі тиіс.

Оқушыларды тәрбиелеу ісін тек қана мектеп қабырғасында жүргізілетін жұмыстармен шектен қояға болмайды. Бала тәрбиелеу — күрделі жұмыс. Олардың ара-

Астық ысырабына жол бермейік



Днепропетровск облысынан келген комбайншы Г. Волкобой өз комбайнмен Преснов ауданындағы «Прибой» колхозында жұмыс істеп, күн сайын 25—30 гектар жердің егінін орады.
СУРЕТТЕ: Г. Волкобойдың колхоз даласында егін орып жүрген кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жабық қырманнар мен астық кептіргіштер тез тәртіпке келтірілсін

Үстіміздегі жылы облысымыздың колхоздары көктемгі егіс жұмыстарын агротехникалық ең қысқа мерзімде өткізді. Тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен дөңді дақылдар егісінің көлемі едәуір ұлғайтылды. Жаңа жерлерді игеру жоспары артығымен орындалды. Жер жырту, ауылшаруашылық дақылдарын егу жұмыстарында жаңа прогрессивтік әдістер кеңінен қолданылды. Жаз айларында колхозшылар егінді күтім-баптау жұмыстарын мерзімінде жүргізді.

Осының нәтижесінде облысымыздың көптеген колхоздарында бітік егін өсірілді. Булаев ауданындағы «Гигант», Октябрь ауданындағы «Победа», Қонюхов ауданындағы «Путь Ленина» колхоздары, та-

кептіргіш агрегатты небары 3-ақ адам қамтыйды. Олар күн сайын 6 мың пұтқа дейін астық тазарттады.

Жабық қырманнар салуда және оларды механикаландыру ісінде село рационализаторлары едәуір жұмыстар істеп отыр. Мәселен, Полудень ауданындағы Сталин атындағы колхозда Вобко, Голубев жолдастар үлжейтілген екі вейлка жасап шығарды. Тельман атындағы колхозда машинист Баум жолдас Полудень МТС-нің көмегімен сағатына 500 пұтқа жуық астық тазартатын машина жасады.

Жаңа егіннің астығын әрі тез, әрі сапалы жыйнауға Преснов ауданындағы Маленков атындағы, Ленин ауданындағы «Новый путь», Полудень ауданындағы

келеді. Сонымен бірге, жүздеген пұт астықтың қырманда жатып бүлінуіне жол беріліп отыр. Кәзіргі ауа райының қолайсыздығы бұл колхоздардың қырмандарындағы астықтың бұдан былай да бүліне беру қаупін туғызады. Мұның өзі облыс колхоздарында астық кептіргіштерді әзірлеу және жұмысқа қосу ісін тездетуді талап етеді. Колхоздарда едәуір астық кептіргіштер бар, бірақ, олардың көпшілігі астық кептіруге пайдалану үшін әзірленбеген. Мәселен, Ново-Георгиев МТС-нің қамтуындағы колхоздарда бар төрт астық кептіргіштің небары екеуі ғана жөндеген. Сондай-ақ, Чапаев атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда қолдағы үш астық кептіргіштің бір те

Жұмысты сағаттық график бойынша істейміз

Мен «Сталинец—6» комбайнмен 7 жұмыс күні ішінде Ленин атындағы колхозда (Октябрь ауданы) 150 гектар егін жыйнадым. Орта есеппен алғанда біздің агрегат күн сайын 12 гектардың орнына, 21—22 гектар егін оғуға жетісіп келеді.

Біз бұл көрсеткішке комбайнды тоқтаусыз жүргізу, жұмыс уақытын барынша тиімді пайдалану арқылы жетісіп келеміз. Агрегат мүшелері жұмысты таңертеңгі сағат 6-да бастайды. Комбайнды жүргізер алдында мен оның моторының, кесуші аппаратының механизмдерін байқапмын. Босаған винттер болса нығайтып бұраймын, үнемі тез қозғалыста болатын бөлшектерді тәртіпке келтіремін және майлаймын. Бұл кезде менің көмегім комбайнның астық бастыратын аппараттарын қарайды. Машинаның ішкі механизмдерін қозғалысқа келтіретін шынжырларды майлайды. Ал, сабан үшкі сабан шөмеледегішті жұмыс істеуге әзірлейді. Сондай-ақ, комбайнды сүйрейтін трактордың тракторшысы да қарал отырмайды. Тракторды қалтқысыз жұмыс істеуге әзірлейді.

Бұдан кейін егінді жыйнауға кірісеміз. Ауа райының ашық күндері комбайнды түнгі сағат 12-ге дейін тоқтаусыз жүргіземіз. Түсте тамақ ішуге және комбайнға жеңіл күтім жасауға бір сағат уақыт кетеді. Комбайн бункерінен астық агрегат жүріп бара жатқанда түсіріледі.

Бірақ, біз әлі де болса еңбек өнімділігін арттыра түсуді қамтамасыз ететін кейбір мүмкіншіліктерді толық пайдалана алмай келеміз. Мәселен, түскі үзілісте кезектесіп тамақ ішу арқылы комбайнды тоқтатпай жұмыс істеуді әлі де қолданбай отырмыз. Сол сыяқты, жұмысты график бойынша істеу әдісі енгізілмей келеді.

Жұмысты сағаттық график бойынша істеу дегеніміз, жұмысты ерте бастап, кеш аяқтау ғана емес. Ол — комбайнның әрбір сағатта жыйнайтын егіннің мөлшерін анықтау және сағаттық еңбек өнімділігін арттыру үшін күресу деген сөз. Бұл әдісті қолдану арқылы жақсы көрсеткіштерге ие болып жүрген озат комбайншылар аз емес. Бірақ, олардың озат әдістері кеңінен таратылып отырылмайды. МТС, колхоз басшылары, оларда-

мұғалімдердің жұмысына методикалық басшылықты жақсартуды, педагогтік өзара тәжірибе ауысуы күшейтуді талап етеді. Сондықтан да, мұғалімдердің август кеңестерінде бұл мәселе жете талқыланып, нақтылы тұжырымдалуы керек.

Мұғалімдердің быйылғы жылғы август кеңесінде алғаш рет мектептерде оқушылар арасындағы тәрбие жұмысын жақсарту шаралары мен оқушылардың тәртібін нығайту туралы мәселе талқыланбақ. Бұл —соңғы уақытта мектептерде тәрбие жұмысына жете мән бермеушіліктің салдарынан кейбір мектептерде оқу сапасының нашарлауынан туған жағдай. Шындығында, совет мектебі жас ұрпақтарды ой-өрісі кең, мәдениетті, білімді азамат етіп, коммунистік рухта тәрбиелеуге тиіс. Ал, коммунистік тәрбие, еңалдымен саналы тәртіпке, еңбекте социалистік көзқарасқа, өз Отанына шексіз сүйіспеншілікке, ұлы Отанымыздың халықтары арасындағы мызғымас достық, пролетарлық интернационализмге негізделуі тиіс. Сондықтан да оқушылар арасындағы тәрбие жұмысын жақсартып, олардың тәртібін нығайтудың мектеп өмірінің өзекті мәселесі болуы заңды да. Әрбір мұғалім оқушыларды тәрбиелеу ісінде бұл ақиқатты ешқашан да естен шығармаулары керек.

Жаңа оқу программасында мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асырудың маңызды шаралары қарастырылған. Яғни, оқу программасының күнделікті өмірге жанасымдылығы, оқушыларды еңбекке, практикалық қызметке дайындау ісіне баса назар аударушылық жаңа программадағы басты мәселенің бірі. Сондықтан да мұғалімдердің август кеңестерінде жаңа программа негізінде оқушыларды практикалық жұмыстарға тәрбиелеуге, орта мектепті бітіргеннен кейін

сында мектептен тыс уақыттарда тәрбие жұмысын жүргізуге баса назар аудару қажет. Әсіресе, өмірден артта қолған кейбір семьялардың ықпалымен капитализмнің адам санасындағы сарқыншақтарына бой ұратын оқушылар әлі де болса кездеседі. Бұл жағдайда оқушыларды діни қалдықтар мен соқыр сенімнің әсерінен таза сақтау мәселесі —әрбір мұғалімнің қасиетті борышы. Жас балалар өте еліктегіш келеді. Мұғалімдер мен мектеп басшыларының және ата-аналардың тәрбие жұмыстары балалардың осы еліктегіш қасиеттерін адамгершілікке қарай бағыттап, оларды жиіркеншігі қылықтардан оқшауландыруға мақсатталған болуға тиіс. Бұл мәселеде оқушылар коллективі текқана оқушылардың ата-аналарымен тығыз ынтымақтаса отырып жұмыс істегенде табысқа жете алады. Сондықтан да мектеп пен семья арасындағы қатынастың тығыз ынтымақты болуы —мектепте оқу сапасын жақсартудағы басты шарттардың бірі.

Быйылғы оқу жылы мектептерде ұлдар мен қыздарды бірге оқыту жүзеге асырылады. Мұның өзі мектептерде тәрбие жұмысын жақсарту, оқушыларды коллективтілікке тәрбиелеу мақсатынан туған. Сондықтан да бөлек оқытып келген мектептерді іскерлікпен біріктіру —мұғалімдердің айбынды міндеті болуға тиіс.

Жаңа оқу жылы басталуға санаулы-ақ күндер қалды. Сондықтан халық ағарту органдарының қызметкерлері мен мектеп коллективтері жаңа оқу жылының келеді мәселелерін мұғалімдердің август кеңестерінде жан-жақты, жете талқылап, жаңа оқу жылында жаңа табыстарға жету шараларын белгілеуге тиіс.

Куйбышев СЭС-і құрылысында

КУЙБЫШЕВ, (СОТА). ССРО Министрлер Советінің Волгада Куйбышев су электр станциясын салу туралы қаулысының жарияланғанына төрт жыл толды. «Куйбышевгидростройдың» бас инженері Н. В. Разин СОТА-ның тілшісімен әңгімелескенде мынаны айтты:

— Құрылысшылар партия мен үкметтің тапсырмасын орасан зор жігермен орындауда. Царев Курганнан Могоуовая тауына дейін созылған ондаған километр жерде су торабының көптеген құрылысы және монтаждау уақыттары орналасты. Жұмыс көлемі барған сайын кең етек алуға. Осыдан біраз бұрын орманды алқап болған жерде кәзір тоспаға құм-төлірақ үйіліп жатыр, каналдар қазылуда, гидротехникалық құрылыстар салынуда.

Станция құрылысшылары төрт жылдың ішінде зор көлемді жұмыс атқарды. Құрылыста 67 миллион текше метр толырақ қазып шығарылып, тиісті орнына төселді, СЭС котлованының, су ағызатын плотинаның және кеме өтетін плюздердің бөгеттеріне 23 мың тонна металл шпунт дағылды, 1,570 мың текше метр —бетон

мен темірбетон құйылды. Кәзір барлық гидротехникалық құрылыстарда бетон құю жұмыстары жүргізіліп жатыр.

СЭС-тің өте маңызды объектілерінің бейнелері барған сайын айқындала түсуде. Су электр станциясының іргетас плитасына бетон құю жұмыстары аяқталды.

Барған сайын зор көлем алып отырған жұмыстарды орындап шығу үшін құрылысшылар қуатты өндірістік-техникалық база жасады.

Волганың жағалаулары адам танымастай өзгерді. Мұнда көрікті поселкелер — Комсомольский, Портовий, Шлюзовой және басқа поселкелер орнады. Төрт жылдың ішінде 385 мың шаршы метр тұрғын үй, жеті клуб, екі мәдениет сарайы, он екі орта мектеп, бірсыпыра басқа да мәдени-тұрмыстық мекемелер пайдалануға берілді.

Кәзір құрылыста су электр станциясының негізгі жабдықтарын монтаждауға әзірлік жүргізіліп жатыр. Кәзірдің өзінде екі гидроагрегат алынды, оларды Ленинград кәсіпорындары жасаған,

қалғандарының көп уақыттары әрбір гектарынан 100—120 пұттан өнім жыйнауда. Колхоздар мен МТС-терді бірінші классты техникамен жабдықтауда мемлекетіміз үлкен қамқорлық жасап келеді. Үстiзiздегi жылдың жетi айы iшiнде машина-трактор станциялары кәсiпорындарынан 737 қуатты шынжыр табанды тракторлар, 305 комбайн, 45 астық тазартқыш машиналар алды.

Облысымыздың колхоздары мен МТС-теріне егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарында практикалық көмек беру үшін туысқан республикалардан 600-ге жуық комбайн, 1100-ден астам жүк автотракторлары келді.

Көптеген МТС-тер мен колхоздардың басшылары механикаландырылған жабдық қырманнар әзірлеуде және астық кептіретін шаруашылықтардың көлемін кеңейтуде едәуір жұмыстар істеді. Ленин ауданындағы «Мир» колхозының председатели Виль жолдастың инициативасы бойынша осы колхозда механикаландырылған тұрақты астық қырманға егін жыйнау басталғанға дейін толық жабдықталды. Бұл қырманға Виль жолдастың өзі жасап шығарған дәннің жоғары сәрттылығын қамтамасыз ететін астық сепараторы орнатылған. Комбайннан қырманға түскен астық цементтелген орға құйылады. Жүк көтеру аппараттары арқылы ордағы астық сепаратордың шөміштеріне келіп түседі. Содан кейін дән транспортер арқылы 6 триерден құрылған дән тазартқыш агрегатқа келеді. Мұнда себу сапасына жеткізіле тазартылған астық транспортер денталарымен арнаулы бункерге келіп құйылады. Бұдан кейін таза астық 10 тонналық автомобиль таразыларымен өлшеніп, дайындау пункттеріне және колхоз қоймаларына жөнелтіледі.

Сөйтіп, мұнда астық кептірудің барлық процестері толық механикаландырылған. Қырманда орнатылған астық

Еңбек өнімділігі— бірлікте

Егін орағы басталғаннан бері Киров атындағы колхозда (Преснов ауданы) еңбек үлгілі ұйымдастырылып, техника күші өнімді пайдаланылып келеді. Озат комбайншы, Социалистік Еңбек Ері Колмыков және көмекке келген украин комбайншысы Ярмаков жолдастар күніне 30-40 гектар жердің егінін жыйнап, басқа комбайншыларға еңбек үлгісін көрсетуде.

Колхозда Свердлов қаласынан көмекке келген 7 жүк автомобилі бар. Шоферлер астықты қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап алу үшін аянбай еңбек етіп жүр. Олардың әрқайсысы бір комбайннан астық алып үлгеруге міндеттенген болатын. Кәзір олар өз сменасында жұмыс атқарумен ғана тынбай, қабылдау пункттеріне астық тапсыруға белсене қатынасып жүр.

К. ЕРТАЕВ.

«Красное знамя» колхоздары да ондайтай қамқорлық жасап келеді.

Дегенмен, көптеген колхоздар мен МТС-тердің басшылары быйылғы жаңа егіннің өнімдерін сақтауға алдын-ала әзірлікті ойлағандай ұйымдастыра алмады. Осының салдарынан мұндай колхоздарда жашай піскен бітік егінді жыйнау жұмыстарын сасқалақтатып отыр. Мәселен, Ленин ауданындағы «Орталық» колхозында (председатели Некаков жолдае) 5 жабдық қырман дайындаудың орнына, небары бір ғана қырман дайындалған, соның өзінде бұл қырманда астық тазарту жұмысы мүлдем механикаландырылмаған. Ол-олма, қырманда астық тазартатын жабайы машиналар да жоқ. Кәзір бұл колхоздың қырмандағы мезгілінде тазартылып кептірілмеген 20 мың пұтқа жуық астық жатыр. Осы аудандағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында да істін жайы осындай. Бұл колхозда небары бір ғана қырман салынған. Қырманда 10 мың пұттан астам астық бола тұрса да, колхоз басшылары астық тазарту жұмысын ұйымдастырмай келеді.

Пушкин атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда да астық тазарту жұмысы өте-мөте баяу жүргізіліп келеді. Мұндағы колхоздардың қырмандарында астық тазарту жұмысы механикаландырылмаған. Солай бола тұрса да, бұл жағдай МТС директоры Федько жолдасты абыр-жылатқы көрінбейді.

МТС-тер мен колхоздардың басшыларының жаңа егіннің астығын сақтау ісіне қамқорлық жасауды бетімен жіберуі оларда астық ысырабының болуына әкеліп соғып отыр. Мамлют ауданындағы «Зерновая фабрика», Октябрь ауданындағы «Плამя», Преснов ауданындағы «Красное знамя» колхоздарында жабдық қырмандардың болмауынан және астық тазарту жұмыстарының нашар механикаландырылуынан мемлекетке астық тапсыру жұмысы төгісіз баяу жүргізіліп

Егінді ысырапсыз жыйнаудамыз

Комбайн— алып машина. Егер егін жыйнауға дұрыс пайдалана білсең, оның қуаты ұшан-теңіз. Мұны мен өз тәжірибемнен көріп келемін.

Мен «Сталинец-6» қос комбайнымен Сталин атындағы колхозда егін жыйнал жүрмін. Жұмысты сағаттық график бойынша ұйымдастыруды кеңінен қолдана отырып, біз еңбек өнімділігін еселеп арттырамыз. Егін жыйнау жұмысы басталғаннан бері біздің әрбір комбайнмен 35 гектардан кем егін орған күніміз жоқ. Ал, жеке-кеген күндері көрсеткішімізді 40-45 гектарға дейін жеткіздік. Агрегат мүшелері еңбек өнімділігін арттырумен бірге, егінді ысырапсыз жыйнауға ерекше назар аударады. Астықтың бір дәнін де жерде қалдырмау мақсатымен біз егінді негүрлым төмен оруды ұйымдастырамыз. Сонымен бірге, орыған егіннің барабанда бастырылуы кезінде дәннің шашылмауы үшін комбайндарға дән тұтқыштар, басқа да ас-

ты жұмысқа азырақ берген.

МТС, колхоз басшыларының астық кептіргіштерді әзірлеу және пайдалану ісіне мән бермейтінін дәлелдейтін тағы бір фактімынадай: «Сельхознабтың» базында ұзақ уақыттан бері мот өнімді ондаған «ВИСХОМ» астық кептіргіштері жатыр. Оларды қырманға орнату да өте оңай. Бірақ, амал не, бұл астық кептіргіштерді колхоздарға жеткізіп, жұмысқа пайдалануды не колхоз председателдері, не МТС басшылары ойластырмай келеді.

МТС, колхоз басшылары астық ысырабына жол бермеу шараларын тезінен жүзеге асыруға міндетті. Барлық колхоздарда таяудағы күндер ішінде керекті жабдық қырманнар толығынан жөнделіп және жаңадан салынып болуға тиіс. Жабдық қырманнарды тек қана астықты жауып-шашынан қорғауға пайдаланбай, ауа райының қолайсыз күндерінде де қырманда астық тазарту жұмыстарын кеңінен жүргізуге пайдалану қажет. Әрбір колхозда жұмысқа жарамды астық кептіргіштер болуын қамтамасыз етумен бірге, ол астық кептіргіштерді тиімді пайдалануды ұйымдастыру керек. «Сельхознабтың» қоймаларында жатқан жоғары өнімді астық кептіргіштерді таяудағы күндер ішінде колхоздарға жеткізіп, оларды істе негүрлым тиімді пайдалануды ұйымдастырудың шараларын жүзеге асыру керек. Сол сияқты, жабайы астық кептіргіштерді әрбір колхозда толығынан жөндеп іске қосуды ұйымдастыру қажет.

Ауыл шаруашылығының мамандары алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың астықты кептіру және тазарту жөніндегі озат әдістерін барлық колхоздарға кеңінен таратып, өндіріске бағыт енгізу ісіне күнбе-күн назар аударуға міндетті.

Я. САЛЕНКО,
облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары.

рибелерді көпшіліктің игілігіне айналдыруға аз көңіл бөледі. Мұның өзі біздің еңбек өнімділігін арттыра беруімізге кері әсерін тигізіп-ақ жүр.

Біздің агрегат мүшелері өздерінің алған көтеріңкі міндеттемелерін орындай шығу үшін әлі де 550 гектар егін жыйнауға тиіс. Біз жұмысты сағаттық график бойынша істеу әдісін кеңінен қолдана отырып, еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсеміз. Сөйтіп, күн сайын кемінде 2—2,5 норма орындауға жетісіп, колхозда бітік өсірілген егінді тез және ысырапсыз жыйнауға үлкен үлес қосатын боламыз.

Қ. САҚАТОВ,
Торанғұл МТС-нің комбайншысы.

Механизаторлардың қажырлы еңбегі

Бұл күндері МТС коллективі алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында жанамай еңбек етіп келеді. Колхоз далаларында егін жыйнап жүрген комбайншылардың көпшілігі машинаға техникалық күтімді уақытылы жасай отырып, жұмыс уақытының өнімді пайдалана білудің нәтижесінде күндік тапсырмаларын үнемі асыра орындайды. Мәселен, комбайншылар П. Левлюх, Л. Томас, Я. Цвечих жолдастар алғашқы күннен бастап «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 28—31 гектар жердің егінін жыйнауға жетісіп жүр. Бұлардан комбайншылар И. Грязнов, Р. Келлер, Г. Сорокин жолдастар да қалыспай келеді.

МТС қамтуындағы колхоздарда егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарының қызу жүргізілуі басқа шаруашылық жұмыстарының барысына бөгет жасап отырған жоқ. Қайта, егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарымен бірге, парды өңдеу, тамыржемісті және басқа отамалы дақылдарды күту, күздік себу жұмыстары да еселеген қарқынмен жүргізіліп келеді.

Егін жыйнау мен астық дайындау, сол сияқты, басқа да ауылшаруашылық жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуі механизаторлар арасындағы социалистік жарыстың қызу өрістетілуінің нәтижесі деуіміз керек. Бұл күндері колхоз өндірісінде қажырлы еңбек етіп жүрген механизаторлардың арасында құрамында 22 адам бар үгітшілер коллективі жұмыс істейді. Олардың көпшілігі коммунистер мен комсомолецтер. Үгітшілер трактор бригадаларында үгіт-бұқаралық жұмыстарды күнбе-күн жүргізіп отырады. Солардың ұйымдастыруымен әрбір трактор бригадаларында күн сайын өндірістік кеңестер өткізіледі.

Біз егіншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысты бұдан былай да кеңінен өрістетіп жүргізу арқылы егін жыйнау, астық дайындау және басқа шаруашылық жұмыстарының мерзімінде орындалуын қамтамасыз етуге үлкен үлес қосамыз.

В. ВЕРЕТЕННИКОВ,
Асанов МТС-і партия ұйымының секретары.

А. ҚЛИМКИН,
Булаев МТС-нің комбайншысы.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Бір партия ұйымының жыйналысы

Қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімі партия ұйымында есеп беру-сайлау жыйналысының кешкі сағат 6-да басталатындығы есепте тұрған коммунистердің барлығына хабарландырылған болатын. Міне сағат 6-ы соқты. Коммунистердің бірқатары қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Малышев жолдастың кабинетіне жыйналды. Бірақ, келмеген де коммунистер бар. Белгіленген мерзім өтіп барады.

Партия ұйымының секретары М. Теплякова жолдас бір жағынан коммунистерден асыра мүшелік жарна жыйнаса, екінші жағынан уақытында жыйналысқа келмеген коммунистерді телефон арқылы іздестірумен болды. Келмегендердің ішінде облыстық коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Маркелов, қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Малышев жолдастар және басқалары бар. Теплякованың біресе кеңсесіне, біресе үйіне үзбей телефон соғып, іздестіріп отырғаны да осылар екен.

Партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы ұйымның бір жылдағы жұмысына қорытынды жасайды. Сондықтан бұл жыйналысқа барлық коммунистердің тегіс қатысып, қаралып отырған мәселеге белсене қатысуы керек еді. Соған қарамастан, партия ұйымының есебінде тұратын 4 коммунист жыйналысқа келмеді. Ал, қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Малышев жолдас жыйналысқа баяндама біткеннен кейін, яғни, бір сағат кешігін келді.

Есеп беру-сайлау жыйналысында М. Теплякова жолдас партия ұйымының бір жылғы жұмысы жөнінде есепті баяндама жасады. Ол өзінің баяндамасында жұмыстағы кейбір қол жеткен табыстарға тоқталды, сондай-ақ, кемшіліктерді де атап өтті. Бірақ, баяндаманы партия ұйымының жұмысындағы кемшіліктердің негізгі себебін ашып бере алмады.

М. Теплякова жолдас қала еңбекшілерінің тұрғын үйлер жөніндегі ескеден тілегін орындамай, оған нежәтті қарап отырған қалалық шаруашылық бөлімін қатты сынға алған жоқ. Ал, баяндамада осы жұмысты басқарып отырған бөлім меңгерушісі Малышев жолдастың аты за аталмады. Облыстық коммуналдық шаруашылық бөлімінің жұмысында да көптеген кемшіліктер бар. Оның жергілікті коммуналдық шаруашылық бөлімдеріне басшылығы мен көмегі нашар. Бұл жағдай партия ұйымына әбден мәлім. Баяндаманы облыстық коммуналдық шаруашылық бөлімі, оның меңгерушісі коммунист Маркелов жолдас туралы да жұмған аузын ашпады.

Теплякова жолдас өзі директор болып істейтін қонақ үйінің жұмысын әдемі сөздер арқылы мақтаумен болды. Ал, мәселенің шындығына келсек, қонақ үйінің жұмысы кәзіргі оған қойылып отырған талаптарға сай келмейді. Оның іші таза емес, келген қонақтарға орын жетпейді. Сол

Жыл сайын қаланы көркейтуге, жаңадан үйлер салуға, жөндеу жұмыстарына бөлінген қаржының жартысына жуығы жұмсалмай келеді. Мәселен, есеп беріп отырған уақыттың ішінде монша-шаптаразы комбинатына (директоры Еремченко жолдас) бөлінген 119,3 мың сом қаржының 54,9 мыңы ғана жұмсалды. Ал, қалалық монша күрделі жөндеуді керек етіп отыр. Партия ұйымы, оның секретары Теплякова жолдас бұл қаржылардың пайдаланылып, жаңа құрылыстардың тез аяқталуына ықпал жасамай келген. Мұның ақыры құрылысқа, күрделі жөндеуге бөлінген қаржының толық орынды жұмсалмауына әкеліп соқты.

Қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің аппаратында, оған бағынатын шаруашылық мекемелерінде басшылықтың бюрократтық-кеңесшілік әдісі орын алған. Бөлімнің инженер-техник қызметкерлері кеңседе отырып, жоспар, жоба жасаумен, өзіне бағынышты шаруашылық мекемелеріне бұйрықтар мен директивалар жіберумен шұғылданады. Ал, Малышев жолдастың өзі коммуналдық шаруашылық мекемелерінде, жаңа құрылыстарда өте сирек болады. Оларға ешқандай нақтылы көмек көрсетпейді. Міне, осы себепті, жергілікті жердегі жағдайды жете білмей, үстірт басшылық жасайды.

Коммуналдық шаруашылық бөлімінің қызметкерлері еңбекшілердің шағым-арыздарына төрешілікпен қарайды. Оларға уақытылы жауап қайтармайды. Мәселен, есеп беріп отырған уақыттың ішінде қалалық коммуналдық шаруашылық бөліміне 115 арыздар мен шағымдар түскен. Бөлім осылардың 85-іне ғана жауап қайтарып, қалған 30-ын аяқсыз қалдырған. Партия ұйымы басшылықтың осындай бюрократтық-төрешілік әдісімен күреске барлық коммунистерді белсене жұмылдырмай, оған көріне-көзге жол берген.

Партия ұйымы коммуналдық шаруашылық мекемелері жұмысшыларының арасында социалистік жарысты дұрыс ұйымдастырып, оңтіннен өрістетуге, оған уақытылы қорытынды жасау жұмыстары мен де қанағаттанғысыз шұғылданған. Оны партия бюросының мүшесі қалалық жол құрылысының бастығы Тукаев жолдастың сөзі арқылы дәлелдеуге болады.

— Біз социалистік міндеттемені, — дейді Тукаев жолдас, — бір жылға бір-ақ аламыз. Бірақ, кәзір бізде еңбек озаттарының көрсеткіші мен атын жазатын құрмет кітабы жоқ. Осы себепті жарыс озаттары, олардың жұмыс үлгілері тек документтерде ғана сақталып келеді. Енді аз уақыттан кейін құрмет кітабын сағып алып, оған озат жұмысшылардың атын түсіретін боламыз.

Партия ұйымы коммуналдық мекемелердің жұмысын бақылауға алмаған. Әрбір мекеме бастығының есебін партия бюросында тыңдап, жұмыстың сапасын ескермей, тек көрсеткіш цифрлармен қанағаттанған. Бұл жөнінде коммунист Ша-

терін елемей, күр цифрға мәз болды. Мәселен, қалалық монша июнь айының жоспарын асыра орындады. Ол жоспарды қалай орындады, еңбекшілерді мәдениетті қамтып алды ма, онда партия ұйымының жұмысы болған жоқ. Екі айдап астам уақыттан бері моншаның бір бөлімі жұмыс істемейді.

Коммуналдық мекемелердің қызметкерлері мен жұмысшылар арасындағы саяси-бұқаралық жұмыс тәзгісіз нашар. Партия ұйымы үлгіштермен семинар-кеңестерін өткізіп, олардың жұмысын бақылауға алмаған. Саяси-бұқаралық жұмыстың төмен дәрежеде жүргізілуі себепті коммуналдық шаруашылық мекемелерінде еңбек тәртібін бұзушылық, ішімдікке салынушылық сыяқты жат қылықтар орын алған. Негізімізді дәлелдеу үшін бір-мысал келтірейік. Қалалық жол құрылысындағы коммунист мастер Ежов бір уақытта жақсы қызметкерлердің қатарында болды. Кейін ол мәскүнемдікке салынып, өз жұмысына нежәтті қарайтын болды. Партия ұйымы коммунист Ежовқа державіне көңіл бөлмеді. Ақыры ол жұмыстан шығарылды. Жұмысшылар мен қызметкерлер арасында саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізбей, болмашы қылықтары үшін жазалау, не жұмыстан шығару сыяқты орынсыз фактілер монша-шаптаразы комбинатында және басқа мекемелерде де орын алып отыр.

Партия ұйымы, оның секретары М. Теплякова жолдас коммунистердің қатарын еңбек озаттары, жастар есебінен талқылаумен мүлдем шұғылданбаған. Соңғы екі жылда партия ұйымы партия қатарына бірде-бір мүше қабылдаған жоқ. Ал, шаруашылық мекемелерінде партияға өтуге дайындығы жеткен алдыңғы қатарлы жастар көптен саналады.

Партия ұйымы қызметкерлердің өздігінен білімін көтеруіне де көңіл бөлмей келген. Қалалық коммуналдық шаруашылық мекемелерінде арнаулы жоғары білімі бар бірде-бір адам жоқ. Ал, орта дәрежелі білімі бар қызметкерлердің саны да төм аз.

Партия ұйымының комсомол ұйымына басшылығы жоқтың қасы. Комсомол ұйымдары жұмысты жоспарсыз істейді.

Коммунистер партия бюросын, оның секретары М. Теплякованы осындай кемшіліктері үшін қатты сынға алды. Оны партия ұйымының секретарлығына сайламай тастады. Бастауыш партия ұйымының секретары болып Ларкина жолдас сайланды.

Партия бюросының жаңа құрамы, оның секретары Ларкина жолдас өткен жылғы кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін жақсарту арқылы коммуналдық шаруашылық мекемелерінің еңбекшілерін өскелең қалауына



Петропавл паровоз депосының бұртқышысы А. Таршина жолдас жұмысты қауқсыз істеп, еменалық нормасын бір-жарым есе асыра орындап жүр.

СУРЕТТЕ: А. Таршина жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Қазақстан филологтерінің жана еңбектері

Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкерлері бірсыпыра жаңа еңбектер әзірледі.

Тауа уақыттың ішінде 50 мың сөзден құралған үзкен орыс-қазақ сөздігі басылып шығады. Оны филология ғылымының кандидаты Е. Мұсабаев бастаған бір топ ғалымдар құрастырды.

«Советтік дәуірдегі қазақ халқы поэзиясының очерктері» деген еңбек жазылып бітті. Кітаптың авторлары көптеген нақты материалдарға сүйеніп қазақ совет халық поэзиясының қалыптасу процесін, оның социалистік реализм жолындағы күресінің тарихын зерттеген. Редакторы филология ғылымының докторы Н. Смирнова болып табылатын бұл еңбекте Жамбылдың, Иса Байзақовтың және басқа қазақ ақындарының творчествосын зерттеуге елеулі орын берілген.

Филология ғылымының кандидаттары М. Сильченко мен З. Ақметов, аға ғылыми қызметкер Б. Дүйсенбаев, Абай творчествосын зерттеу секторының басқа да ғылыми қызметкерлері Абайдың екі томдық шығармалар жыйнағын бастаға әзірледі. Екі томдық жыйнақта қазақтың ұлы ағартушысының прозалық және өлеңмен жазған шығармалары, сондай-ақ оның Пушкиннің, Лермонтовтың және Крыловтың шығармаларынан жасаған аудармалары енгізілген.

Омск темір жолының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша жетекші мамандықтағы қызметкерлерін, жоғары, аға және орта басшылары құрамын ордендермен және медальдармен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

(Басы «Ленин туының» 21-22-24 августағы номерлерінде)

- 60. Пахомов Владимир Нестерович — Петропавл паровоз депосының машинисі.
- 61. Петренко Алексей Михайлович — Петропавл хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.
- 62. Петрова Валентина Павловна — Петропавл станциясының стрелочнигі.
- 63. Пинчунов Сергей Владимирович — Петропавл паровоз депосының машинисі.
- 64. Свириденко Петр Федорович — Петропавл жол дистанциясының жол байқаушысы.
- 65. Семидяев Николай Павлович — 7 километрдегі блокпостың бастығы.
- 66. Семшов Сергей Александрович — Петропавл вагон депосының аға байқаушысы.
- 67. Сергеева Василиса Алексеевна — Петропавл станциясының стрелочнигі.
- 68. Сидоров Василий Давыдович — Петропавл бөлімшесінің аға заңконсультанты.
- 69. Сызыңсова Дәмелі — Петропавл бөлімшесінің локомотив бөлімінің стрелочнигі.
- 70. Сидоров Николай Федорович — Петропавл паровоз депосының машинисі.
- 71. Темников Андрей Михайлович — Макушино станциясы отын қоймасының бастығы.
- 72. Толстых Петр Павлович — Петропавл вагон депосының аға байқаушысы.
- 73. Трофимчук Владимир Семенович — Петропавл паровоз депосының машинисі.
- 74. Ушаков Федор Александрович — Петропавл паровоз депосының машинисі.
- 75. Халип Мария Ивановна — Петропавл хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.
- 76. Циборт Алексей Леонтьевич — Петропавл паровоз депосының машинисі.
- 77. Чугунов Сергей Абрамович — Петропавл паровоз депосының машинисі.
- 78. Шаповалов Иван Платонович — Петропавл жол станциясының жол байқаушысы.
- 79. Шевченко Евгений Тимофеевич — Макушин паровоз депосының машинисі.
- 80. Шыхова Надежда Федосеевна — 131 километрдегі айналым пункті станциясының кезекшісі.
- 81. Шагнов Виктор Дмитриевич — Петропавл паровоз депосының мастері.
- 82. Шулик Леонид Васильевич — Петропавл паровоз депосының машинисі.
- 83. Щербинина Пелагея Деметьевна — Петропавл бөлімшесі, локомотив бөлімінің стрелочнигі.
- 84. Юркевич Василий Иванович — Петропавл паровоз депосының машинисі.
- 85. Ядов Александр Владимирович — Петропавл паровоз депосының инженері.

ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Председатели К. ВОРОШИЛЭВ. ССРО Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ. Москва, Кремль 31 июль 1954 ж.

Қарағанды темір жолының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша жетекші мамандықтағы қызметкерлерін, жоғары, аға және орта басшылары құрамын ордендермен және медальдармен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 28 июльдегі Указына сәйкес темір жол транспортында көп жылдар бойы қызмет еткені үшін мыналар наградталсын:

- ЕҢБЕК ҚИЗЫЛ ТУ ОРДЕНІМЕН
- 1. Богданов Алексей Яковлевич — Тайнша жол станциясының жол байқаушысы.
- 2. Галиев Мамза — Тайнша жол дистанциясының жол байқаушысы.
- 3. Логвиненко Дмитрий Андреевич — Кыялы станциясының бастығы.
- 4. Мороз Андрей Васильевич — Смирново станциясының стрелочнигі.
- 5. Роговий Иван Никитович — Тайнша жол дистанциясының жол байқаушысы.
- 6. Кочнев Иван Александрович — Смирново станциясының кезекшісі.
- 7. Манаров Иван Иванович — Тайнша жол дистанциясының бригадирі.
- 8. Мезенцев Семен Алексеевич — Курорт Бурабай бөлімшесінің кіріс бақылаушы ревизоры.
- 9. Савцов Тимофей Абрамович — Тайнша жол дистанциясының жол байқаушысы.
- «ЕҢБЕКТЕ ҮЗДІК ШЫҚҚАНЫ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН
- 1. Бекенов Базық — № 1 разведің стрелочнигі.
- 2. Власова Елизавета Яковлевна — № 4 разведің кезекшісі.
- 3. Затычнина Пелагея Леонтьевна — Смирново станциясының стрелочнигі.

қиямтырылып, жайсыз қонып шығуға да мәжбүр болады.

—Партия ұйымы, — деді ол, — істелген жұмыстың саласын, еңбекшілердің тілек-

сан жұмыс істеуіне жетісуі тиіс.

М. НҮРПЕЙІСОВ.

Егін жыйнау жұмысына партия басшылығын күшейтеміз

Біздің «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының егістік жерінің көлемі жыл сайын ұлғайтылып келеді. Тек қана үстеміздегі жылы тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс көлемі бірнеше жүз гектар артты. Кәзір колхоздың алдында 4 мың гектарға жуық жердің егінін мейрамаңыз қысқа мерзім ішінде жыйнап алу міндеті тұр. Бұл міндетті ойдағыдай орындап шығу жолындағы күресте коммунистер авангардтық роль атқарып келеді.

Колхоз бастаушы партия ұйымының есебінде 14 коммунист бар. Олардың барлығы егін жыйнау жұмысының жауапты участоктеріне бөлінді. Бірқатар коммунистер трактор бригадалары мен астық қырмайдарында жұмыс істейді. Мысалы, коммунистер Көлдеев, Әубәкіров, Қабитов жолдастар комбайннан түскен астықты тазартады. Олар еменалық нормаларын үнемі асыра орындап, басқаларға үлгі

көрсетуде. Сол сияқты, коммунистер Ә. Әу бәкіров бірінші бригадалаға, А. Көкімжанов екінші бригадалаға бекітілді. Олар бригадаларда жұмыс істейді және еңбек ұйымдастыру жұмыстарына жауап береді.

Торангүл МТС-і колхозға 6 комбайн бөлді. Әрбір комбайн агрегатына коммунистер мен комсомолдерден үгітшілер бөлінді. Олар агрегат мүшелері арасында саяси-бұқаралық жұмыстар жүргізеді. Социалистік жарысты қорытындылап, жауынгерлік листоктар шығарады.

Партия ұйымы саяси-бұқаралық жұмысты алда тұрған шаруашылық міндеттерді мүлтіксіз орындауға бағыттап отырады. Мәселен, үгітші Е. Дайыр, К. Жетісов, А. Хамзин жолдастар әртүрлі тақырыпта жиі-жиі өңгімелер өткізіп, жұртшылықтың құрметіне бөленуде. Саяси-бұқаралық жұмыстың жақсара түсуі еңбек өнімділігін арттыруға өзінің игі әсерін тигізуде.

Егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтау үшін барлық күш-құмарымызды пайдаланылауда. Бұл науқанға барлық колхозшылар толық қатыстырылды.

Колхозда егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. Кәзірдің өзінде жүздеген гектар егін шауып, мемлекетке 4 мың центнерге жуық астық тапсырды.

Колхоз партия ұйымы саяси-бұқаралық және ұйымдастыру жұмысының дәрежесін бұрынғыдан да жақсартып, колхозшы шаруаларды СОКП Орталық Комитетінің пленумының қаулысы алға қойған міндеттерді орындау күресіне жұмылдыра берді.

А. ДҮЙСЕНБИН,

Октябрь ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы партия ұйымының секретары.

БУКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ

Эстон ССР-нің павильоны

Эстон ССР-нің павильоны Балтық жағалауындағы республикалар павильондарының жалпы алаңына орналастырылған. Ол архитекторлар Х. А. Арманның, П. К. Тарбастың және А. Х. Вольбергтің жобасымен жасалған. Павильон архитектуралық жағынан ұлттық бай нақыштармен безендірілген. Вестгобельдің колонналары жарқырауық мрамормен қапталған. Негізгі кіре беріс халық творчествосы сыйпатында бейнеленген. Павильонның алыш тұрған жалпы жер көлемі—8 мың текшеметр. Экспозициялар 1.600 шаршы метр жерді алып тұр.

Бірінші залда эстон халқының революциялық тарихы, оның Ұлы Октябрь социалистік революциясына қатысуы, Эстония еңбекшілерінің капиталистер мен помещиктер теңсізден азат етілуі, Советтік Социалистік Эстон Республикасының құрылуы көрсетіледі. Арнаулы стенд республиканың социалистік индустриясына, оның басты саласы—газ-сланец, сол сияқты совет өкіметі жылдарында жасалған электр машиналарын жасау, фосфорит, шымтезек өндіру, өнеркәсіптің басқа да салаларына арналған.

Заттай экспонаттарда көпшілік тұтылатын товарлар өндірудің өсуі және өркендеуі көрсетіледі. Осы залдың өзінде эстон халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің гүлденуі көрсетілген. Тарту университеті жұмыс істейді. Ғылыми академиясы мен Ауылшаруашылық академиясы құрылған. Советтік дәуір ішінде жас жазушылар, композиторлар, суретшілер, артистер ұрпағы өсті. Эстон ССР-ның әдебиеті мен искусствосының

қайраткерлеріне 57 дүркін Сталиндік сыйлықтар берілді.

Павильонда республика ауылшаруашылық табыстары анағұрлым толық көрсетілетіндігі түсіндіріледі.

...Ондаған мың ұсақ хуторлық шаруашылықтардың орында Эстонияның барлық еңбекші шаруаларын қамтытын 995 ірі колхоз құрылды. 2 миллион гектардан аса жер колхоздардың ақысыз және мәңгілік пайдалануына берілді. Колхоздарды буржуазиялық Эстонияның түсініне де кіріп шықпайтын озат техникасы бар 69 машина-трактор станциялары қамтылды.

Егіс көлемі, мал саны өсуде, оның өнімділігі артуда. Мәселен, 1952 жылы әрбір сыйырдан орта есеппен алғанда республика колхоздары 1.700 килограмнан, ал совхоздар 3.500 килограмнан сүт сауды.

Колхоз құрылысының индустриалық материалдық-техникалық базасы және колхоз өндірісін нығайтудың шешуші күші ретінде павильон МТС-тердің ролін кеңінен көрсетеді. 1945 жылдан бері МТС трактор паркінің қуаты 16 есе өсті. Республикада комбайн саны 1949 жылғы 8 комбайн орнына, 1953 жылы 739-ға дейін өсті. Машина-трактор станциялары мелиоративтік жұмыстарды жүргізуде және мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруда колхоздарға зор көмек көрсетіп келеді.

Павильон Эстон ССР-індегі колхоз құрылысының жетісін, колхоздардың қоғамдық байлығының, мәдениеттің және колхозшы шаруалардың дәулетінің өсуін анық көрсетеді.

Көптеген экспонаттардан Раплакк ауданындағы «Уус-Әду» колхозының табыс-

тарын көреміз. 1953 жылы артель әрбір 100 гектар жерге шабындық пен мал жайылымынан 320 центнерден сүт және жыртмалытын әрбір 160 гектар жерге 50 центнер шошқа етін алды. Колхоздың табысы 2 миллион сомнан асты. Колхоз борыштың барлық түрі бойынша мемлекетпен жыл сайын мерзімінен бұрын есеп айырысып, мемлекетке сату және рынокқа шығару арқылы көп азық-түлік сағып жүр. Колхозда колхозшылардың еңбегіне мол ақ төленуде. Әрбір колхозшы семьясының меншігінде сыйыры, 1—2 шошқасы, қой мен құсы бар.

Павильон республиканың мал шаруашылығындағы табыстарын кеңінен көрсетеді. СОКП XIX съезі республиканың алдына өнімді мол беретін, әресе сүт және шошқа шаруашылығын онан әрі өркендетуді қамтамасыз ету міндетін қойды.

Партия мен үкіметтің тапсырмасын ойдағыдай орындай отырып, 1953 жылы республика колхоздары сүт сауу жөнінде одақтап республикалар бойынша екінші орынға ие болды. Колхоздар табыстың төрттен бір бөлегін сүтті мал және шошқа шаруашылығынан алады. Павильон таңдаулы шаруашылықтар мен озаттардың үлгісімен сүт өнімін, ал, шошқа шаруашылығы бойынша шошқа етін мол алудың әдістерін үйретеді. Мәселен, Косескк ауданының колхоздары соңғы екі жыл бойына әрбір сыйырдан 2.347 килограмнан сүт сауып келеді.

Аудан колхоздарының көпшілігі көрмеге шошқа шаруашылығындағы, ал 9 колхоз сүт сауу жөніндегі табыстарымен кел-

Жамбылдың толық шығармалар жыйнағы баспаға тапсырылды. Оны құрастырып баспаға әзірдеуге, түсініктемелер жазуға филология ғылымының кандидаттары М. Гүмарова мен О. Нұрмағамбетова, институттың басқа да ғылыми қызметкерлері қатысты. М. Гүмаров шығармалар жыйнағына арнал Жамбылдың творчестволық жолы туралы мақала жазды.

Филология ғылымының докторы М. Балақаев редакторлық еткен «кәзіргі қазақ тілі» деген ғылыми еңбек және филология ғылымының кандидаттары Х. Махмұдов пен Г. Мұсабаев бастаған бір топ тіл зерттеушілер құрастырған қазақ-орыс сөздігі басылып шықты.

(ҚазТАГ)

Ақтөбенің зернопульттері

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Ақтөбенің «Большевик» зауытының коллективті зернопульттер шығаруды меңгерді. Жоғары өнімді жетілдірілген бұл агрегаттар астықты тазарту, оны автомашиналарға тиеу жұмысын бірден жүргізеді. 25 зернопульт кеше облыстың колхоздарына жіберілді.

разьездің дөкежісі. **«ЕҢБЕКТЕГІ ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН**
1. **Богинин** Яков Прохорович — № 6 разьездің стрелочнигі.
2. **Волкерез** Григорий Фомич — Таинша жол станциясының жол байқаушысы.
3. **Жұсыпов** Асқар — № 2 разьездің стрелочнигі.
4. **Жұсыпов** Нұрбай — Таинша жол станциясының жол байқаушысы.
5. **Иванов** Тимофей Иванович — Таинша жол станциясының жол байқаушысы.

ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Председатели **К. ВОРОШИЛОВ.**
ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**
Москва, Кремль
31 июль 1954 жыл.

МТС МАСТЕРСКОЙЛАРЫ ЖАҢА ТЕХНИКАМЕН ЖАБДЫҚТАЛУДА

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Қазғұрт, Ленинск, Задарья МТС-тері жаңадан сапанын жатқан машина- жөндеу мастерскойларын жабдықтауға арналған «ДНП—200» токарь станоктары алды.

Облыстың басқа да МТС-тері жаңа өңдеу техникасымен жабдықталуда. Олар 40-тан аса токарлық тескіш, жонғыш және басқа станоктар алды. Бірсыңыра

4. **Иващенко** Федора Александровна — № 6 разьездің стрелочнигі.
5. **Осьмаков** Иван Иванович — Курорт Бурабай хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.
6. **Светличный** Дмитрий Алексеевич — Смирново станциясының стрелочнигі.
7. **Семенов** Иван Степанович — Смирново станциясының стрелочнигі.
8. **Чертицев** Павел Иванович — № 3 разьездің стрелочнигі.
9. **Чумак** Федор Семенович — Таинша жол станциясының жол мастери.

мастерскойларда цилиндрлерді тегістейтін және онан кейінгі өңдеу жұмыстарын атқаратын станоктар, подшипник, имек біліктер жонатын станоктар, престер және басқа жабдықтар тұңғыш рет орнатылуда. Техниканың соңғы жаңалықтарымен жабдықталған мастерскойлар енді күрделі жөндеу операцияларын атқаратын болады.

ген. Ауданның әрбір 100 гектар жеріне, шабындығы мен мал жайылымына 19 бас ірі қара мал, оның ішінде 10 сыйыр келеді. Сүт сауу жөніндегі республикадағы таңдаулы колхоз —Тюрккес ауданының Сталин атындағы колхозы 1953 жылы әрбір 100 гектар жерге, шабындық пен мал жайылымына 300 центнер сүт алды. Колхоздың таңдаулы сауыншысы Михальсон өзіне бекітіліп берілген сыйырдан әр қайсысынан орта есеппен алғанда 5.504 килограмнан сүт сауды.

Колхоз мемлекет алдындағы барлық міндеттемелерін орындай отырып, 1953 жылы мемлекетке және рынокке 8 мың центнерден аса сүт, 380 центнер ет, 860 центнер картоп және 25 мың жұмыртқа сатты. Өткен жылы артельдің табысы 1,9 миллион сом болды. Озат сауыншы Авиқтің семьясы бір жыл ішінде еңбеккүндеріне 11 мың сом ақша, 3 тонна астық, 3,5 тонна картоп және 2 тоннадай шөп алды.

Әрбір 100 гектар жерге, шабындық пен мал жайылымына 455 центнерден сүт және 55 центнерден ет алуға жетіскен республика совхоздары да павильонда өз табыстарын көрсетеді. Совхоздың әрбір 100 гектар жерге, шабындық пен мал жайылымына 35 бас ірі қара малы, оның ішінде 13 сыйыр бар.

Пайдесккі ауданындағы озат «Вийфу» совхозында әрбір 100 гектар жерге, шабындық пен мал жайылымына 1.140 центнерден сүт және 137 центнерден ет алынды. Бұл табыс берік мал азығы қорын жасауды қамтамасыз етті.

Республиканың таңдаулы сауыншылары Харьковскі ауданындағы «Рахва-Выйт» колхозының 100 сыйырдың әрқайсысынан 1952—1953 жылдары орта есеппен алғанда 5256 килограмнан сүт алған сауыншысы Микоян, 8 сыйырдың әрқайсысынан 1953 жылы 5475 ки-

лограмнан сүт сауған «Вяндра» тәжірибе станциясының сауыншысы Блюменфельд, «Уева» совхозының 44 сыйырдың әр қайсысынан 1953 жылы 5.255 килограмнан сүт сауған мал өсіруші —бригадир Круусал жолдастарға павильоннан құрметті орын берілген.

Павильонда республиканың шошқа шаруашылығын көрсету кеңінен орын алған. Мәселен, мұнда әрбір 100 гектар жерге 43 центнер шошқа етін алған және 17 ден аса торай өсірген «Әду» колхозы, әрбір 100 гектар жерге 30 центнерден аса шошқа етін алған және әрбір жегежінен 23 торай өсірген «Тее Коммунизм» колхозы көрсетілді.

Сол сияқты, әрбір тауықтан 162 жұмыртқа алған «Социализме Тее» колхозы күс фермасының табысы да көрсетілген. Аттардың мініс беретін тори тұқымын шығару жөнінде республикада шешуші роль атқаратын «Тори» жылқы зауытының мысалымен республиканың жылқы шаруашылығы көрсетіледі. Бұл тұқымның рекордшысы 11 мың килограмм жүртартады. Павильонда ауылшаруашылық ғылыми мекемелердің жұмысы туралы да баян етіледі. Пылькен мемлекеттік селекция станциясы түрлі ауылшаруашылық дақылдарының—дәнді, картоп, мал азықтық және овощ дақылдарының 24 сорттын шығарды. Эстон ССР Ғылыми Академиясының мал шаруашылығы және мал дәрігерлік институтының «Вяндра» тәжірибе станциясы ірі қара малдың даладық қара мал тұқымын жетілдіре отырып, сыйырдың сүтті көп беретін түрін шығарды. 1953 жылғы әрбір сыйырдан сауылған сүт орта есеппен алғанда 5.369 килограмм, ал сүттің майлығы—4 процент болды.

Берік мал азығы базасы республикада мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетудің негізі болып саналады. «Юленур-

лес» совхозының үлгісі арқылы мал азықтық дақылдардан мол өнім алу тәжірибесі көрсетіледі. Совхоз өткен жылы 268 гектар көпжылдық шөптің әрбір гектарынан 50 центнерден шөп, 743 центнерден мал азығындық жеміс табырлы өсімдіктер, 600 центнерден сүрленетін дақылдар, 25 центнерден арпа және 27 центнерден сулы алды.

Стендаларға республиканың астықтан, сығырдан, картоп пен овощтан мол өнім алған таңдаулы шаруашылықтары қойылған. Мәселен, «Өйдремаа» совхозы 1952 жылы әрбір гектардан 276 центнерден картоп алды.

Павильонды көру Эстон ССР-нің табиғатын өзгертудің және оның социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің негізгі шарасы болып саналатын мелиорация стендасын көрсетумен аяқталады. Республиканың миллиондаған саз әрі қорыс жерлері егін өнімін көп беретін, шабындық және мал жайылатын далаға айналдырылады. Совет үкіметі бұл үшін барлық жағдайды жасап отыр. Республикада жаңа техникамен қаруланған 6 машина мелиоративтік станция ұйымдастырылған. Мұнымен бірге республиканың 40 МТС-інде жаңа жерлерді игеруде колхоздарға көмек көрсететін мелиоративтік отрядтар бар.

Республиканың Эстон ССР-і павильонда көрсетілетін табыстары шаруашылықтың социалистік жүйесі мен Совет Одағы халықтарының туысқандық кемерінің республиканың басқыншылар талқандаған халық шаруашылығын қысқа мерзімде қалпына келтіруге ғана қамтамасыз етпей, сонымен бірге соғыстан кейінгі жылдарда көрнекті табыстарға да қол жетуіне көмектескендігін дәлелдейді.

А. ВАХА,

Эстон ССР-і павильонының директоры.

Әрбір колхоз бен совхозда қоғамдық малға құнарлы азық мол дайындалсын

Мал шаруашылығына көңіл бөлінбеген жерде

«Бірлік» ауылшаруашылық артелиінде (Ленин ауданы) барлық түліктен 7 мыңдай мал мен құс бар. Колхозда қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендетуге күш-мүмкіншілік жеткілікті. Негізгі мал жайылымдары —Есіл бойы. Мұның өзі мал басының көбеюіне, оның өнімділігін арттыруға толық мүмкіншілік береді. Алайда, бастауыш партия ұйымы бар мүмкіншіліктерді пайдалануға колхозшы шаруаларды жұмылдыра алмай келеді.

Өткен жылы колхоз қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындамады. Малдың өнімі де төмен болды. Мемлекетке жүн, май тапсыру жоспары орындалмай қалды. Мұндай жағдай үстіміздегі жылы да орын алуда. Мал басын өсіру жоспарының орындалмауымен бірге, мемлекетке сүт тапсыру жоспары да орындалмай отыр.


Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспарының орындалмауы, оның өнімінің төмендеуі колхоз басқармасының және бастауыш партия ұйымының мал шаруашылығына басшылығының қанағаттанғысыздығынан болып отыр. Мұнда жыл сайын жемшөп дайындау жоспары орындалмайды. Соның салдарынан мал қыстада үлкен қиыншылықтарға кездеседі. Мал шығынына жол беріледі.

Партия ұйымының есебінде 20 коммунист бар. Бұл колхозда зор күш. Бірақ, партия ұйымы коммунистерге партиялық тапсырмалар беріп, олардың істе жауапкершілігін, өндірісте авангардтық роль ойнауын қамтамасыз ете алмай келеді. Коммунистер колхоз өндірісінің жауапты участоктеріне бөлінбеген. Колхоздың негізгі шаруашылықтарының бірі — мал шаруашылығы бола тұрса да, оған бөлінген коммунистер тым аз. Партия ұйымының секретары Ақмағанбетов жолдас коммунистердің қай участоқта жұмыс істеп жүргенін, олардың жұмысты қалай істейтінін де білмейді.

Партия ұйымының комсомол ұйымына басшылығы нашар. Комсомол ұйымы жұмысты жоспарсыз істейді. Комсомол жыйналысы уақытылы өтіп, онда ақтуалды мәселелер талқыланбайды. Мал фермаларына бірде-бір комсомолец бөлінбеген. Істің жайы осылай болса да, партия ұйымы, оның секретары Ақмағанбетов жолдас комсомол ұйымының жұмысын жақсартуға тиісті шаралар қолданбай келеді.

—Бізге еңбек ететін адам саны жетіспейді, —дейді колхоз председатели Аяғанов жолдас.

—Шынында да солай, тіпті астық тазартуға да адамдар жеткіліксіз болып отыр, —деп председателдің сөзін оның орынбасары Құрмантасов жолдас та қоса отырады. Ал, колхозда шаруашылыққа қатыспай жүрген жастар аз емес. Осы жылдың өткен алты айы ішінде 13 колхозшы ешбір себепсіз тиісті еңбек күн



Сартомар МТС-нің комбайншысы А. Заяц және тракторшы П. Данилин жолдастар Совет ауданындағы «Красное поле» колхозында сүрленетін дақылдарды жыйнауға күнделік нормасын үнемі асыра орындап келеді. СҮРЕТТЕ: комбайншы А. Заяц жолдастың сүрленетін дақылдарды жыйнап жүрген кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жемшөп сүрлеу жұмысы жақсартылсын

Сүрленген жемшөп — қоғамдық мал үшін аса құнарлы азық. Сұразықпен азықтанған сауын сыйырлар сүтті өдеттегінен анағұрлым көп беретінін, сүтті және сүт өнімдерінің сапасы арта түсетінін тәжірибе көрсетіп отыр. Сонымен қатар, сүрленген жемшөпте каротин (өсімдіктегі «А» витаминді зат) өте көп болады. Сондықтан сұразықпен жемделген сыйыр ешқашан да қысыр қалмайды, мұнымен бірге, туған төлдердің тез өсіп жетуіне және түрлі індеттерден аман болуына жағдай жасалады.

Жемшөпті неғұрлым мол сүрлеу қыста малдарды құнарлы азықпен қамтамасыз етуге және көктемде жер кеш көктеткен жылдары мал қашан жайылымға шыққанына дейін оларды сұразықпен жемдеуге мүмкіншілік береді.

Сүрленген шөпшен жемделген мал басқа жемшөптерді де құмарта, сүйсіне жейтін болады. Малдардың ас қорытатын органдарын зерттеп жүрген совет ғалымдарының бақылауы малдардың азықты жақсы сіңіруі және тез оңалуы жемшөптің берілу тәртібіне байланысты екенін анықтай түсуде. Ірі сабақты мал азықтары тек асқазанда ғана қорытылады. Ал, егер бұларға құнарлы азықтар қосылса, онда жемнің —қоректік заттардың шек-тарын мен асқазанға бірдей тарап, сіңіру процесінің шапшаңдатылуы қамтамасыз етіледі. Сондықтан малды азықтандырудың толықтық рацияның жазаған кезде бір толық ішінде әрбір малға берілетін мал азығының түрлері неғұрлым көп болуын қарастырған дұрыс.

Малды сүрленген азықпен жемдей ба-

өйткені, бүкіне бастаған сұразық малды іш ауруларына шалдықтырады. Тағы бір ескеретін жағдай, сауын сыйырларды сұразықпен сауылғаннан кейін ғана азықтандыру керек. Сауар алдында сыйыра сұразық бергенде, сүтке оның иісі сіңіп, сүттің сапасы кемитіні тәжірибеде талай рет байқалып жүр.

Сүрленген жемшөптің басқа мал азықтарынан анағұрлым жұғымды болатыны — сүрленетін дақылдар шабылғаннан кейін келтірілместен жыйналады. Сөйтіп, құнарлы өз бойында сақталады.

Сүрленген мал азықтарының сауын сыйырларға, сол сияқты, төлдерге аса пайдалы болатынын ескере отырып, үстіміздегі жылы облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздары сүрленетін дақылдар егісінің көлемін едәуір ұлғайтты. Тек Октябрь ауданындағы колхоздардың өздері ғана жоспар бойынша 700 гектардың орнына, 1000 гектардан астам сүрленетін дақылдар екті. Оның көпшілігі — жүгері. Өйткені, жүгері — сүрленетін дақылдардың ішіндегі ең бағалысы. Ол қышқыл дәмді нәр беретін аса құнарлы дақыл. Сондықтан жүгеріні барлық малдар да сүйсініп жейді.

Дегенмен, сұразықтың осыншама маңызы бола тұрса да, облысымыздағы кейбір колхоздар мен совхоздарда жемшөп сүрлеудің барысы өте-өте қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Жоғарыда Октябрь ауданының колхоздары сүрленетін дақылдарды көптен екті дедік. Бірақ, амаане, аудан, МТС, колхоз басшылары сүрленетін дақылдарды деркесінде жыйнау, сүрлеу жұмыстарын ұйымдастыру

ішіндегі мол дайындамақ болғаны, сұразық дайындаудың керектігі не» деген зыянды және қате пікірде. Жемшөп сүрлеуге мұндай жауапсыз қараушылыққа жол беруге болмайды. Өйткені, сұразық қоғамдық мал үшін өте қажет. Сұразықта белок, көмірлі су тегі және түрлі витаминдер жай жемшөптерге қарағанда анағұрлым көп болады.

Сүрленетін дақылдарды орудың бірден-бір өнімді жолы комбайндарды пайдалану болып табылады. Көзір көптеген МТС-тер мен совхоздар сүрленетін дақылдарды оруды комбайндарды пайдаланып келеді. Бұл — сүрленетін дақылдарды жыйнау жұмысын тездетумен бірге, бұл іске жұмсалатын еңбекті көп жеңілдетеді. Сондықтан жемшөп сүрлеуді техника күшімен жүргізу әдісін барлық колхоздар мен совхоздар кеңінен қолдану керек. Сүрленетін дақылдарды комбайнмен жыйнағанда ол дақылдар комбайннан туралып, ұсақталып түседі де жақсы тығыздалады. Сонымен бірге, шаң-тозаңнан таза болады. Мұның өзі сұразықтардың сапасының жоғары болуын қамтамасыз етеді.

Үстіміздегі жылы облысымыздағы әрбір колхоз жемшөп сүрлеу жөніндегі белгіленген жоспарды толық орындайтын болулары керек. Бұл үшін жергілікті партия, совет ұйымдары, колхоз, МТС, совхоз басшылары жемшөп сүрлеудің жоспарын толық орындауға қажетті жағдайларды туғызып, бұл жұмыста жүрген адамдардың еңбегін дұрыс ұйымдастырулары тиіс. Жемшөп сүрлеу жоспарын толық орындау мал шаруашылығын өркен-

„Комсомолка“ тігін фабрикасының жұмысы нашар

Халқымыздың мәдени тұрмыс қажетін мүлтіксіз қанағаттандыру жөнінде облысымыздың көптеген кәсіп орындарының коллективтері қажырлы еңбек етіп, жаңа табыстарға, өндірістік жетістіктерге жетуде. Мұндай кәсіп орындарының бірі — Петропавл қаласындағы «Комсомолка» тігін фабрикасы болып табылады. Фабрикада еңбек өнімділігін арттыру мақсатымен өндіріс оқуы ұйымдастырылды. Онда 30-дан аса адам оқыды. Тәжірибесі мол маман жұмысшыларға 150 жас тігіншілер бекітілді. Фабриканың еңбекті көп тілейтін көп жұмыстары механикаландырылуда. Фабрика тігіншілерінің арасында көптеген алдыңғы қатарлы адамдар бар. Мұндай озаттардың саны күннен күнге арта түсуде. Мысалы, тігінші Фурьева жолдастың бригадасы фабрика көлемінде ерекше көзге түсіп, еңбек өнімділігін 136,5 процентке жеткізіп жүр. Сол сияқты, Фурьяева тігінші Пыжова жолдастың бригадасы да өз нормаларын 120 проценттен кем орындаған емес. Сонымен бірге, Михайленко, Юченко жолдастардың да бригадасы айлық жоспарларын үнемі артығымен орындап келеді.

Алайда, «Комсомолка» тігін фабрикасы үстіміздегі жылдың жеті айы ішінде товарлы өнім шығару жоспарын 85,2 процент ғана орындады. Ал, соңғы июль айының жоспары небары 91,9 процент ғана орындалды. Жалпы өнім шығару жоспарының орта процент мөлшері өткен бірінші тоқсандағы артық шығарылған өнімнің есебінен жабылып отыр. Жылдық тапсырманың артық орындалуы былай тұрсын, өткен жеті ай ішіндегі олжалықтың орнын толтыру оңай емес. Бұл үшін фабрика директоры И. Ермолин жолдас жұқа киімдер тігілетін материалдарды уақытылы жеткізіп, цех тігіншілерін қамтамасыз етпей келеді. Себебі, өткен айда жұқа киімдер тігілетін материалдар 20 күнге дейін әкелінбеді. Соның салдарынан әйелдердің бірде-бір жазғы киілегі тігілмеді. Бұл өнімді шығаратын Боганцева жолдастың бригадасы, бұрынғы жұмыстарынан басқа цехтарға ауыстырылып өнімнің басқа түрлерін шығаруға кірісті. Бригада мүшелері жаңа жұмысқа ауыстырылғас бұрын, ол жұмыстың тәсілдері мен әдістерін меңгеру керек еді. Бірақ, олай болмады. Ауыстырылған жұмыстары бұларға таные болмағандықтан олардың еңбек өнімділігі және жұмыс қарқыны өте төмен болды.

Тігіншілерге аса қажетті түрлі-түсті тігін жиітер, әртүрлі мөлшердегі түймелер жетіспейді. Бұл жағдай жұмыс қарқынына керісінше әсерін тигізіп, шығарылатын өнім өте көпшігі жатып қалады. Осыдан келіп өнім сауда орындарына, тұтынушыларға мерзімінен әлде қайда кеш шығарылады. Осындай жоспардың айдапайға, тоқсаннан-тоқсанға кешігіп орындалуы, фабриканы көптеген шығындарға ұшыратып отыр.

Мұның үстіне фабрика шығарған өнім сапасы да өте төмен. Шығарылған өнімнің жартысынан дерлігі дұрыс пішілмеген,

тігісі келісімсіз. Цехтардың көпшілігінде киімдердің сапасына, сортына көңіл бөлінбейді. Үстіміздегі жылдың жеті айында өнім шығару жоспарының орындалмауын қоспағанда, өнім сапасының нашарлығынан фабрикаға 24 мың сом зыян келді. Бұдан былайғы жерде фабрика директоры Ермолин жолдас және цех бастықтары, мастерлері өнімнің сапасына, оның құндылығына, әдемілігіне ерекше назар аударып, тігіншілердің жұмысын, істің сапалы болуын үнемі қадағалап, оларға кеңес беріп отырулары керек.

Жыл басынан бері көптеген тігіншілер, мамандар, шеберлер бір жұмыстан екінші жұмысқа жиі-жиі ауыстырылып отырды. Мұның өзі өндірістік жоспардың орындалуына едәуір нұқсан келтірді. Көп жағдайларда шығарылатын товарлардың бір түріне алынған материалдар екінші түрлі өнімдерді тігуге жұмсалып, еңбек өнімділігін төмендетті. Бірінші жартыжылдықта бір цехтан екінші цехқа товар ауыстырудың өзінен ғана еңбек өнімділігі 16,3 процент кеміп кетті.

Фабрикаға бір жыл ішінде шығарған дайын өнімнің 2655 данасы қайтарылып берілді. Себебі олардың сапасы мен сорты өте нашар деп табылды. Бұл қайтарылып алған өнім қайтадан өңделді. Бұл өңдеуге қайтарылып алынған товарлар фабриканың біржеше ондаған күнін қосымша шығын етті. Өнімнің осындай сапасыз шығарылуы, техниканы толық пайдаланбаудың, тігіншілерге басшылықтың нашар болуынан деп білу керек.

Фабрика көп жағдайда алынатын материалдарды қажеттілігіне, керектігіне қарай қабылдамайды. Өнімнің бір түріне көп, екіншісі бір түріне материал аз алынады. Осыдан келіп, шығарылған өнімнің асортименті кем болады.

Жұмыста орын алып отырған осындай кемшіліктер тез жойылып, өнімнің сапасы жақсартылатын болсын. Фабрика директоры Ермолин жолдас және цех бастықтары, тігіншілер арасында социалистік жарысты мейлінше өрістетіп, коллективтің еңбек өнімділігін арттыру керек. Шығарылатын өнімнің сапасына, оның сортына, құндылығына, көркемділігіне техникалық бақылауды күшейтіп, ішкі мүмкіншіліктер толық іске қосылуы қажет. Сөйтіп, өткен жартыжылдықтағы кемшіліктерді тез арада жойып, фабрика коллективі жылдық жоспарды мерзімінде орындауға міндетті.

Бұл міндеттерді орындауға фабрика коллективіне партия, комсомол ұйымдары көп көмек көрсетуге тиіс. Фабрика қызметкерлерінің арасында саяси-бұқаралық жұмыстар жүргізілгенде, оны фабриканың алдында тұрған міндеттерге байланыстыра, еңбек озаттарының жұмыс тәжірибелерін көпше ортақ еткендей қылып жүргізу керек.

Фабрика, еңбекшілеріміздің күнделікті қажеттерін өтеудегі өзінің міндетін аброймен орындауға жетісуге тиіс.

А. ЖУКОВСКИЙ.

Колхозда жемшөп дайындау жұмысы да төртінші бау жүргізілуде. Жоспар бойынша 38400 центнер шөп дайындалуға тиісеті болса, оның тең жартысынан аз-ақ астамы ғана орындалды.

Колхоздың үгіт коллективі коммунистер мен комсомолецтермен толықтырылмаған. Ал, үгітшілер ешқандай үгіт жұмысын жүргізбейді. Олар колхозшылар арасында сирек болады. Социалистік жарысты өрістетуден, еңбек озаттарының жұмыс үлгілерін насихаттаудан шұғылданбайды. Бастауыш партия ұйымы үгіт коллективінің жұмысын жақсартуға жете маңыз бермей келеді.

З. ҚАСКЕЕВ.

(Арнаулы тілшіміз).

Полудень ауданында жемшөп дайындау қарқыны нашар

Өткен жылы Полудень ауданының колхоздары жемшөп дайындауда елеулі кемшіліктерге жол берді. Кейбір колхоздарда қоғамдық малға жемшөп қысқы маусымға жеткілікті мөлшерде әзірленбеді. Осыған байланысты аудан, колхоз басшылары, мал мамандары қысқы маусымның аяқ кезінде малға берілетін жемшөптің күнделік нормасын кемітуге мәжбүр болды. Бұл жағдай ондай шаруашылықтарда мал шығынына жол берілуіне, мал шаруашылығының өнімділігі төмен болуына негізгі себеп болды. Осындай кемшіліктер, әресе, Аманкелді атындағы, «Путь социализма», Биров атындағы колхоздарда кездесті.

Аудан партия, совет ұйымдары мен шаруашылық органдары орын алған кемшіліктерді быйғығы жылы қайталамау үшін жемшөп дайындауды барлық жағынан ұйымшылдықпен жүргізуге міндетті еді. Оған колхоздарда және МТС-терде қажетті күш-мүмкіншілік те жеткілікті болатын.

Бірақ, аудан колхоздарында алғашқы күннен бастап жемшөп дайындауға қолда бар күш-мүмкіншіліктер толық пайдаланылмады. Мұнда шөп шабудың, шөп жыйнаудың, жыйналған шөпті маялаудың бескүндік тапсырмалары үнемі орындалмай келеді. Осы себепті Полудень ауданы жемшөп дайындауда облысымызда мүддем артта қалып келеді.

Жемшөп дайындау маусымының басталғанына екі айдай мерзім өтсе де колхоздарда жағдай нашар. Шынында осы ауданда шөп шабудың алғашқы күндеріндегі орын алған кемшіліктерді дереу жоюға, сөйтіп, іске жаңа қаржын туғызуға мүмкіншілік те бар еді. Атап айту керек, аудандық партия комитеті мен Совет аткомі жемшөп дайындаудың қарқынын күшейту мақсатымен бюро және атком мәжілістерінде қаулылар да қабылдады. Бірақ, аудан басшылары бұл қаулылардың орындалуын бақыламады. Мұның ақыры істегі орын алған кемшіліктердің осы уақытқа дейін жойылмай келуіне негізгі себеп болуда.

Ново-Георгиев МТС-нің қамтуындағы колхоздарда қоғамдық малды жемшөппен

қамтамасыз етеді. Осының салдарынан көзір бұл аудандағы колхоздар бойынша жемшөп сүрлеудің жоспары небары 5 процент-ақ орындалды. Осы ауданның Семиполка МТС-нің қамтуындағы колхоздар жемшөп сүрлеуге жаңада ғана кірісті. Бұл колхоздардың басшылары: «Малға

Совет ауданы «Борьба за коммунизм» колхозында қысқы қоғамдық мал азығын жыйнау, оны сүрлеу жұмысы мүде нашар жағдайда болып отыр. Август айы—шөп шабу, оны сүрлеу жұмыстарының шешуші айы болып табылады. МТС-тен келген пішен оратын машиналар бола тұрса да, олардың жүруінен бос қарап

қамтамасыз ету үшін 23540 тонна азық дайындалуы керек. 16 августқа дейін ауданда небары 6688 тонна ғана жемшөп дайындалып, жоспардың орындалуы 28 проценттей ғана болып отыр.

Бұл МТС-тің артта қалуының басты себебін МТС директоры Шевченко, партия ұйымының секретары Руденко, аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы секретары Бодров жолдастардың іске оперативті басшылық жасай алмауларынан деп түсіну керек. Олар колхоздарда, трактор бригадаларында жиі болып тұрады. Бірақ, болған уақытта пішен дайындаудың жайымен жете шұғылданбайды. Пішеншілер арасында партиялық-саяси жұмыстың жайымен таныспайды.

«Путь социализма» колхозында (председателі Мухин жолдас) жемшөп дайындаудың жылдық жоспары 22 проценттей ғана орындалған. Бұл колхозда шабындық жерлер де жеткілікті. Бірақ, колхоздағы МТС-тің кеңалымды шөп машиналары жұмысқа өнімді пайдаланылмайды. Ал, колхоз председателі Мухин жолдас пішеншілердің тұрмыс қажетін күнбе-күн өтеу, пішеншілер бригадаларының жұмысы өнімді болуын қамтамасыз ету ісімен шұғылданбайтын болған. Аудандық партия комитеті мен Совет аткомі бұл колхозға көмектесу мақсатымен мемлекеттік участоктан өнімді мол беретін шабындық жерлерді шабуға қосты. Бірақ, колхоз председателі Мухин жолдас бұл көмектен бас тартқан. Тегі, оның қоғамдық мал үшін жемшөп дайындауға жаны ашымайтын көрінеді. Аудан басшыларының мұндай кереметушілікке төзімділік жасап келе жатқандығына таңымыз бар.

Жемшөп дайындауда артта қалып келе жатқан шаруашылықтың бірі—«Красный октябрь» колхозы. Мұнда мал азығын дайындау жоспарының үштен бір бөлігі де орындалған жоқ. Колхозда үш кеңалымды шөп машинасы бар. Бірақ, техникалық жарамсыздықтан ол машиналардың күн сайын біреуі, кейде екеуі тоқтан тұрады. Осы колхоздағы МТС-тің участоктік зоотехнигі Грибов жолдас мал азығын дайындау ісіне басшылық жасау, сапалы жемшөп дайындау жөнінде кол-

туратын уақыты көп. Шөп шабатын машиналардың не себептен уақытылы пайдаланылмай отырғаны МТС басшыларына әбден белгілі, бірақ, оған ешқандай назар аудармай келеді. Үстіміздегі жылы колхоз жоспар бойынша 26 мың гектар жердің пішенін шауып, жыйнап алу керек еді. Ал, бұл жоспардың тек жарты-

сы ғана әрең дегенде орындалды. Колхозда жемшөп турайттын машина да бар, бірақ, шөп сүрлейтін орын болмағандықтан ол машинаның өзі текке қарап тұр. Уақыт өтіп барады. Сондықтан колхоз басшылары шөпті ору, оны сүрлеу жұмыстарына ерекше назар аударғаны жөн.

Жағдай Полудень МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да осындай. Мұнда, әресе, Аманкелді атындағы колхоз жемшөп дайындауда артта қалды. Колхоздағы төрт кеңалымды және 13 көлік шөп машиналарының жұмысқа тең жартысы да пайдаланылмайды. Ал, МТС басшылары кеңалымды шөп машиналарының күні бойы тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету орнына, орын алған кемшіліктерді тізбектеумен күн өткізуде. Бұл жөнінде колхоз председателі Бегалимов жолдасы да кінәлауымыз керек. Ол жемшөп дайындауда жұмыс істеп жүрген колхозшылардың өнімді еңбек етуіне жетісе алмай келеді. Тіпті соңғы кезде егін жыйнау маусымының басталуына байланысты пішен дайындауда жұмыс істеп жүрген звеноларды тоқтатып қойған.

МТС директоры Лосев, партия ұйымының секретары Шевлеков, аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы секретары Воспипенко жолдастар соңғы кезде шөп дайындау жұмысына басшылық етуді ұмытқан. Олар біржақтылыққа салынып, тек қана егін жыйнау мәселесімен шұғылдануда. Ал, МТС директоры Лосев жолдас біраз жұмыс уақытын қаладағы семьясына келумен өткізетін болған. Мұның өзі МТС жұмысына елеулі нұқсан келтіруде. Осының барлығы соңғы бескүндікте МТС қамтуындағы колхоздарда небары 2576 гектар ғана шөп шабылуына негізгі себеп болды.

МТС-терде кеңалымды шөп машиналарының жұмысқа толық қатыстырылмауы салдарынан өткен бескүндікте колхоздарда небары 4370 гектар ғана шөп шабылды. Егер МТС-тердегі 230 кеңалымды, колхоздардағы 196 көлік шөп машиналары жұмысқа толық қатыстырылған болса, онда кемінде 15 мың гектар жердің пішені шабылған болар еді. Ауданның кейбір басшылары болған кемшілікті бүр-дәмедеу мақсатымен «аудан колхозарында шабындық жерлер аз» деген дәлелді айтады. Шынында ауданның қай колхоз-

арта түсуін қамтамасыз етеді.

И. КАРГИН,

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалы мал шаруашылығы институтының ғылыми қызметкері.

сы ғана әрең дегенде орындалды.

Колхозда жемшөп турайттын машина да бар, бірақ, шөп сүрлейтін орын болмағандықтан ол машинаның өзі текке қарап тұр. Уақыт өтіп барады. Сондықтан колхоз басшылары шөпті ору, оны сүрлеу жұмыстарына ерекше назар аударғаны жөн.

М. АЙТМАҒАНБЕТОВ.

зында болсын шабындық жерлер бар. Жауынның жиі болуы маусымның алғашқы кезінде шабылған жердегі шөпті екінің рет шабуға мүмкіндік беруде. Кейбір алдыңғы қатарлы колхоздар жұмысты осылай ұйымдастырып та отыр. Бірақ, көпшілік колхоздарда бұл жағдай ескерілмей келеді. Осының барлығы ауданда жемшөп дайындау жоспарының тонна есебімен небары 29 процент ғана орындалуына әкеліп соғуда.

Малды қыстан аман алып шығуда және мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда қоғамдық малды сүрленген азықпен қамтамасыз ету ісінің маңызы ерекше күшті. Солай бола тұрса да, бұл жұмыстың барысы колхоздарда, өте-өте қанағаттанғысыз. Жемшөп сүрлеуде МТС-тер колхоздарға қолма-қол көмек көрсетпейді. Полудень және Ново-Георгиев МТС-терінің басшылары бұл жұмысты кезекке қоюда. МТС тарапынан нәтижелі көмек болмауы себепті «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында небары 50 тонна ғана мал азығы сүрленген. Істің жайы «Путь социализма», Молотов атындағы, «Пламя революции» колхоздарында да осындай. Бұларда мал азығын сүрлейтін шұңқырлар жеткіліксіз. Ал, Ново-Георгиев МТС-нің басшылары шұңқыр қазуды механикаландыру ісімен шұғылданбаған. Мұнда сүрленетін мал азығын жыйнайтын комбайндардың еңбек өнімділігі төмен. Автомашиналардың жеткіліксіздігінен комбайндар екі сағаттан тоқтап тұрады.

Жемшөп дайындаудың кәзіргі барысы аудан колхоздарында осындай төзгісіз нашар. Бұл кемшілікті дереу жою үшін аудандық партия комитеті (секретары Дружинин жолдас) мен аудандық Совет аткомі (председателі Засышкин жолдас) жемшөп дайындау қарқынының әрбір колхозда кең өріс алуын колхоз, МТС басшыларынан қатаң талап етуге, бұл істе механизаторлар мен колхозшыларға қолма-қол көмек көрсетуге міндетті.

Т. КӨДІРОВ,

Полудень. (Арнаулы тілшіміз).

„Ештен кеш жақсы“

Бұрыннан келе жатқан жүрек ауруы қайталаған қарт ана Нәғима Закировз участқалық дәрігерді шақыртты. Дәрігер Гиненко ауруды қарағанынан кейін арудың өмірі хауіп үстінде екендігін, дереу ауруханаға салу керектігін айтты. Ол вокзал жанындағы жедел жәрдем көрсету станциясына телефон арқылы хабарлап, тез машина жіберуді өтінді. Станциядағылар «машина көзір барады» деп жауап берді.

Алайда, машина тез арада келе қоймады. Аурудың халі нашарлай түскен соң, оның ұлы Азат тағы да телефон соқты. «Бір сағаттан соң барады» деген машина станциядан үш сағаттан кейін де келмеді. Үш рет соққан телефонға станция жауап та бермеді. Бұдан әрі күтудің мүмкіншілігі болмаған соң, ол өзі жұмыс істейтін завод емханасының дереу жәрдем көрсету станциясына телефон соқты. Өз

участқасына жатпайтындығына қарамастан завод емханасы ауруды қабылдап алып, оған дереу жәрдем көрсетті. Аурудың өмірі сақталып қалды.

Вокзал емханасының жедел жәрдем көрсету станциясы да өз уәдесін ұмытқан жоқ. Хабарлаған күннен төрт күн өткеннен кейін ғана аурудың үйіне машинамен кезекші дәрігер Л. Кочергина келді. Оған оның кеш қалғандығын, аурудың ауруханаға апарылғандығын айтықанда ол «ештеңе етпес, ештен кеш жақсы» деп жауап берді. Ал, фамилиясын сұрағанда оны айтудан бас тартқан.

Щетрова вокзалының емханасында жедел жәрдем көрсету станциясындағы бұл сирек кездесетін жағдай емес. Емхана басшылары адам өміріне бұл сыяқты жауапсыз қараушылықты тезінен жоюлары керек.

А. ЖАҚАНОВ.

Сауда орнындағы жолсыздық

Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхозда сауда жұмыс колхозшылардың өскелең тілегіне сай жүргізілмей-ақ келеді. Дүкеннің сатушысы К. Жаманкин жолдас өзіне жүктелген міндеттерге нежұрайлы қарайды. Дүкенде көпшілік тұтынатын товарлар тұз, сабын, сирекке тағы басқа заттардың өзі де үнемі болып тұрмайды. Ал, дүкен сатушысы К. Жаманкин жолдас күніне 2 сағат қана дүкен ашып, сауда жүргізуді әдетке айналдырған. Ол-олма, К. Жаманкиннің өз шаруасына айналысып, болмаса, маскүнемдікке салынып, жұмысқа шықпаған күндерінде оның қарындасы А. Тоқтарбаева сатушы бола қалады.

А. Тоқтарбаева жолдас 1 сом 40 тыйын туратын «Север» лашпростарын 1 сом 50 тыйыннан және басқа товарларға да үстеме баға қойып сатады. Егер бұл ісін сезген адам болса, оларға «мен дүкен сатушысы емеспін, ештеңе білмеймін»,—дей салу А. Тоқтарбаева үшін қиын емес.

Аманкелді атындағы колхоздың дүкенінде кездесіп отырған мұндай жолсыздықты, Благоевченко тұтынушылар қобамының басшылары білмейді емес, бірақ, олар да, совет саудасын бұрмалаушы К. Жаманкинге ешбір шара қолданбай-ақ келеді.

С. СЕРІКБАЕВ.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Мәдениет орнындағы мәдениетсіздер“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 18 июльдегі номерінде «Мәдениет орнындағы мәдениетсіздер» деген тақырыпта фельетон жарияланған-ды.

Бұл фельетонда Булаев аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі К. Жұматаев пен парк және мәдениет үйінің директоры Б. Тілеулесов жолдастардың жұмыста кеңсешілдік және Бюроқраттық әдістерді қолданып келгендігі сына алынған болатын.

Булаев аудандық партия комитеті ре-

дакцияға берген жауабында, газет мақаласы аудандық Совет аткомінің партия жыйналысында талқыланып, онда көрсетілген фактілер толық анықталды. Өзіне жүктелген міндеттерге нежұрайлы қарап, мәдениет орындарының жұмысын бетімен жіберген К. Жұматаев жолдасқа сөз берілді деп хабарлады.

Фельетонда көрсетілген кемшіліктерді тез жойып, село еңбекшілерін мәдениетті қамтудың негізгі шаралары белгіленді.

„Оғаш оқыйғалар мен жат қылықтар“

Газетіміздің осы жылғы 6 июльдегі номерінде «Оғаш оқыйғалар мен жат қылықтар» деген тақырыпта фельетон жарияланды.

Бұл фельетонда Октябрь ауданындағы Ақсу жетіжылдық мектебінде оқытушылары Жәкенов және Ермагамбетов жолдастардың үнемі маскүнемдікке салынып жүргендіктері, сол сыяқты, Ленин атындағы орта мектептің оқытушысы Уәлиев жол-

дастың тұрмыста азғындыққа салынғандығы сына алынған.

Октябрь аудандық прокуроры фельетон бойынша тексеріс жүргізіп, көрсетілген фактілер анықталды деп хабарлады. Оқытушы Жәкенов және Ермагамбетов қызметінен босатылып, Уәлиевтің ісі бас жауапкершілігіне тарту үшін халық сотына берілді. Ал, мектеп директоры Дайыров жолдасқа партиялық шара қолданылды.

Татар артистерінің концерті

Қалалық демалыс және тынығу паркіндегі жазғы театрда Татар АССР-нің еңбек сіңірген артисі Усман Альмеевтің қатысуымен татардың Р. Токай атындағы мемлекеттік филармониясы артистерінің концерті болып өтті. Қала жұртшылығы туысқан татар халқының искусство өкілдерін жылы жүзбен қарсы алды. Сахна шеберлері оларды татардың халық әндері, билерімен, совет композиторларымен және акындарының шығармаларымен таныстырды. Туысқан халықтың искусствосына деген зор ынталылық және концерт қоюшы артистердің сахна шеберлігі татар артистері концерттерінің табысты болуын қамтамасыз етті.

Еналдымен, концерт программасында халық әндері мен күйлері кең қамтылған. Татар халқының ұлы акыны Ғабдолла Токай бір кезде «халық әндері—халықтың рухани тілегінің көнебейтін, төт баспайтын таза және мөлдір айнасы, ол қымбатты гүлһар және баға жетпес асыл тас» болып табылады деп жазған еді. Татар халқының эмоционалық күші зор, терең сезімді нәзік үнді лирикалық әндері гасырлар бойғы халық бұқарасының ойы мен тілегін, мақсаты мен арманын айқын көрсетіп келді. Бұл әндер арқылы татар халқы өзінің Отанына деген сүйіспеншілігін, елбегке деген ынталылығын, халықтың батырлығы мен ерлігін, Октябрь революциясына дейінгі өзінің ауыр өмірін ашық бейнелеген еді. Сан гасыр бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалған бұл әндер мен күйлер өзінің аса зор көркемдігімен, терең мазмұны және халық мүддесіне үндестігімен көзге түскен асыл мұра болып табылады. Бұл асыл мұра тек қана Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін өзінің шын мұрасы ретінде тауып, творчестволық зор өркендеудің айқын жолына түскен еді.

Татар халқының аса сүйікті музыкалық аспаптарының бірі—гармонь болып табылады. Гармоньда халық күйлерін орындаған республиканың еңбек сіңірген артисі Гани Валиев өзінің шеберлігімен көршілерді сүйсіндірді. Ол бұл музыкалық құрал арқылы халық әндерін шебер орындады. Оның ойынында әндердің мазмұнына сай ырғағына виртуоздық мән берушілік және музыка арқылы тыңдаушылардың жан күйін тебентушілік тән. Ол орындаған татардың «Ғалибану», «Салқын чинмә» халық әндері, міне, осындай дәрежеде орындалды. Г. Валиев татар акыны Жаудағай Файзидің «Совет Армиясының маршы» өлеңіне композитор Салих Сайдашев жазған фантазиялық музыкасын да шебер орындады.

Артистка Джавагир Салыхова өзінің творчестволық өсу жолындағы сахна шеберлігін көрсетті. Ол Ғабдолла Токайдың сөзі бойынша жазылған халық әні «Зиялылық» толқынды сезіммен беріле орындады. Бұл әнді өсіргенде тыңдаушылардың

көз алдына ескі заманның қараңғы қалас ауыртпалығынан қаза тапқан қайғылы қыздың қасретті таңдыры елестейді. Д. Салыхова татар халқының совет өкметі жылдарында жасаған өлеңдерді орындауы өзінің көңілділігімен және лирикалық пәзәлділігімен көзге түседі. Бұл сыяқты әндердің қатарына ол орындаған «Юлдызым-русаным», «Иркәмә» әндерін айтуға болады. Сол сыяқты Сталиндік сыйлықтың лауреаты композитор Н. Жигановтың «Намыс» операсындағы чуваш қызының ариясын талантты артистка зор творчестволық өрлеу үстінде орындады.

Татардың мемлекеттік опера және балет театрының солисі, Татар АССР-нің еңбек сіңірген артисі Усман Альмеевті тыңдаушылар зор сүйіспеншілікпен қарсы алды. Оның тенор дауы өте сүйкімді және әсем үнді. Альмеевтің әндері майда түрде лирикалық мазмұнымен орындауы олайтқан өлеңдерді халыққа өте жылы және нәзік түрде жеткізеді. Әресе, ол композитор А. Ключаревтің «Волганың толқындары», композитор Ш. Мазитовтың «Есіңе ал мені, сүйгенім» әндерін нәзік келтіре орындап, өзінің әншілік өнерін жұртшылыққа таныта алды. Ал, композитор Ж. Файзидің «Қара пейі», «Жизнеқай» сыяқты жүздіргі әндерін орындағанда ол өлеңнің мазмұнына қарай дене қыймылдарын шебер келтіре білді. Альмеев, әресе халық әндерін орындауға шебер. Ол орындаған «Сарман», «Райхан», «Арча» сыяқты халық әндерін көршілер қошеметпен қарсы алды.

Татар және башқұрт билерін орындаушы Зубәйдә Султанованың мәнерлі би өнері де мақтауға тұрарлықтай.

Концертте көркемөз оқудың шебері Фаиз Юсупов татар ақындары Р. Токайдың, Х. Тақташтың, А. Файзидің өлеңдерін орындады. Дегенмен артист концертті жүргізгенде жұртты мүлдем бейнесіз, кей реттерде мазмұнсыз құрғақ сөзге түсіп кетеді.

Татар искусствосы шеберлерінің концерт программасына әлі де болса ССРО халықтарының әндерін қоса түсу орынды болар еді. Әресе, орыс және қазақ әндері аз. Татардың мемлекеттік опера және балет театры сахнасында орыстың және басқа да халықтардың операларының жүріп жатқанына қарамастан олар концерт программасына туысқан халықтардың әндерін аз енгізген. Мәселен, республиканың опера және балет театрында көзіргі уақытта қазақ композиторы Мұқан Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсы табыты түрде жүріп жатыр. Егер концерт программасында бұл операдан бір екі ария енгізілген болса, искусство шеберлері бұдан тек ұтқан ғана болар еді.

Туысқан татар халқының искусство шеберлерінің концертін қала жұртшылығы қызыға тыңдады.

А. ХАМИДУЛЛИН.

Батысевропалық алты елдің сыртқы істер министрлерінің Брюссельдегі кенесі

БРЮССЕЛЬ, 20 август. (СОТА). «Европалық армия» туралы договорға қол қойған Европалық алты елдің сыртқы істер министрлерінің кенесі бүгін, кешегі сыртқы істерде өткізілуде. Кеңестің алғашқы күнгі жұмысына қорытынды жасай келіп, Бельгияның баспасөздері кеңестің барысында байқалған қайшылықтарға назар аударуда. Сыртқы істер министрлігіне жақын «Пепль» газеті «кейбір қыйыншылықтарды» атап көрсетеді: «Либер бельжик» газеті «Келіссөздер мейлінше қыйындады» деп жазады.

Мұнда алынған француз газеттері де осындай пікірлер айтуда. «Алты державаның көзқарастарын салыстырумен басталған алғашқы күн, — деп жазды «Эко» газеті, — қыйыншылықтар мен абыржушылықтарды саябыраптан жоқ». «Орор» газеті кеңестің алғашқы күнін «Жеміс сиз» деп атады.

Баспасөздердің хабарына қарағанда, Брюссельдегі кеңесте болымсыз өзгертулермен «Европалық армия» туралы договорға бекіту үшін ұлт жыйналысына ұсындырғуды көзеп Франция делегациясына әлі де қысым жасалып жатыр. Француз делегациясынан ол ұсынған «Европалық армия» туралы договорға «түзетулердің» формасы жөнінде ікемге келу талап етілуде, мұның өзі, жұртқа мәлім, бұл договордың мәніне нұқсан келтірмейді. «Европалық армияны» жақтаушылар, сірә қабылданыла қалған жағдайда Француз «түзетулері» договорды көзірдің өзінде-ақ бекіткен елдердің парламенттерінен жұртшылықтың договорды жаңадан талқылау туралы мәселе қою талабын туғызуы мүмкін деп қауіптенетін болса керек.

Франс Пресс агенттігінің атап көрсеткеніне қарағанда, кеңеске қатысушылар «егер парламенттегі жаңа айтыстан әрбір министрінің құтылуына мүмкіндік бере алатын формула табылатын болса, онда Француз ұсыныстарымен келісу үшін бес елге әлде қайда жеңіл болар еді, деп үміттенеді».

Баспасөз мынаған назар аударады: Бельгияның сыртқы істер министрі Спаак көзіргі кеңеске Француздардың түсінік сыйпаты бар ғана «түзетулері» қабылданып бекіткен деген қарсы ұсыныс енгізген. Қалған басқа «түзетулерді» Спаак барлық елдер договорларды бекітіп, оның күшіне енгеннен кейін қарауды ұсынады.

ТАЙВАНДАҒЫ АМЕРИКАН СОҒЫС ӘЗІРЛІГІ

ПЕКИН, 20 август. (СОТА). Сипьхуа агенттігі былай деп хабарлады:

Батыс телеграф агенттігінің хабарларына қарағанда, 16 августа Американың Тынық мұхит флотының команданшасы адмирал Ф. Стамп күні түрде Тайваньға келген. Оның бұл сапарының мақсаты — аралдағы соғыс әзірліктерін күшейту жөнінде чанкайшілік баяндама кенес өткізу. Стамптің жанында бір топ

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советіне

1954 жылғы 22 августа Бухаресте болған салтанатты мәжілісте қабылданған құттықтау телеграмма

БУХАРЕСТ, 23 август. (СОТА). 22 августа Бухаресте болған Румынияның азат етілуінің он жылдығына арналған салтанатты мәжіліске қатысушылар Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советіне мынадай телеграмма қабылдады:

Румын Халық Республикасының астанасы — Бухарестің еңбекшілері, Румынияның азат етілуінің он жылдығымен байланысты салтанатты мәжіліске жыйналып, бұл ұлттық мейрам күні совет халқына, Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет Үкметіне шын жүректен қызу сәлем жолдайды.

Бұл күні румын халқы дүние жүзіне бейбітшілік пен бостандық өперу үшін біздің отанымызды азат ету жолындағы, фашизмді талқандау жолындағы күресте өздерінің қанын төккен қаһарман совет жауынгерлерін зор құрметпен еске түсіреді. Біздің ұлы досымыз — Совет Одағына, даңқты совет халқына сүйіспеншілік білдіру және алғыс айту сезімі біздің отанымыздың еңбекшілерінің жүрегінен ешуақытта өшпекші емес.

23 август күні біздің халқымызға жаңа тұрмыс таңына жол ашты, тұңғыш рет өз тағтырын өз қолына алуына, еңбекші халықтың праволары мен бостандықтарын қорғаушы болып табылатын халықтық демократиялық өкмет орнатуына және болашақ аумақтылық пен бақыттылықтың келешек негізін жасауға кірісуіне мүмкіндік берді.

1944 жылдың 23 августынан бері өткен он жыл біздің еліміздің тұрмысында терең өзгерістер оңжылдығы болып табылады. Румыния жұмысын партиясының жетекшілігі мен жұмысшы табы еңбекші шаруалармен одақтаса отырып, сенімді және қаһармандық еңбектің арқасында кедергі, бөгеттер мен қыйыншылықтарды жою отырып, Румынияның экономикалық мешеулігін жою жолындағы, социалистік қоғам орнату жолындағы күресте едәуір жеңістерге жетті.

Біздің еңбегімізде біз Совет Одағының қалтқысыз және туысқандық жәрдемі арқанаан сезін, біліп отырдық. Қымбатты

достар, сіздерге біз осы жәрдем үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Біз сіздерге сондай сүйіспеншілікпен бізге ұйреткен мол тәжірибелеріңіз үшін, біздің еліміздің еңбекшілерінің баға жеткісіз игілігіне айналған тәжірибелеріңіз үшін алғыс айтамыз. Совет Одағымен достық және одақ жолы біздің халқымыз үшін бостандық, тұрмыс және бейбітшілік жолы, оның ұлы құрылыс ісінде жеңістерге жету жолы болып табылатындығын турмыстың өзі дәлелдеді және тапжылдай дәлелден отыр.

Біздің туған елімізде социализм орнату жолындағы, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік ісіннің жеңуі жолындағы күресте біздің халқымыз өз күштерін айнабауға бел байлап әзір отыр. Сондықтан ол бейбітшілікті сақтау және нығайту жолында, халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жолында, Европада және бүкіл дүние жүзінде коллективтік хауіп, сездік орнату жолында Совет Одағының жүргізіп отырған қажырлы күресін мейлінше батыл қолдап отыр.

Біздің халқымыз ұлы Совет Одағымен, халықтық Қытаймен, халықтық демократия елдерімен мызғымас достықты бұдан былай да сақтап, нығайтып отырады, барлық елдермен ынтымақтастық қатынастарды және экономикалық байланыстарды дамытып отырады, сөйтіп, баянлы бейбітшілікті қамтамасыз етуге көмектеседі.

Біз өзіміздің еркін тұрмысымыздың екінші он жылдығына аяқ бастық және Маркетің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің жеңімпаз идеялары нұрландырған жолмен Румын Жұмысшы партиясының басшылығы арқасында алға баса беруге әзір отырмыз.

Бізге үздіксіз көмек көрсетіп отырған азат етуші халықтардың бейбітшілігі мен бостандығының тірегі — ұлы Совет Одағы жасаасы!

Совет Одағының Үкметі жасаасы!

Совет Одағының даңқты Коммунистік партиясы жасаасы!

Румын және совет халықтарының арасындағы достық мәңгі жасап, өркендей берсін!

АҚШ КОРЕЯДА УАҚЫТША БІТІМДІ БАҚЫЛАЙТЫН БЕЙТАРАП КОМИССИЯНЫ ТАРАТУҒА ТЫРЫСУДА

КХДР сыртқы істер министрлігі өкілінің мәлімдемесі

ПХЕНЬЯН, 23 август. (СОТА). Газеттерде АҚШ-тың билеу-төстеуші топтарының уақытша бітімді бақылайтын бейтарап комиссияны тарату жоспарлары жөнінде Корей Халық Демократиялық Республикасының сыртқы істер министрлігі өкілінің мәлімдемесі жарияланды.

Мәлімдемеді соңғы уақытта лисынмандық топтың бейтарап комиссияны жөнінде істеген провокациялық қыймылдары атап-атап көрсетілді. Бұл қыймылдар, делінген мәлімдемеді, Кореяда уақытша

ленді айтты. Даллестің мәлімдемесі лисынмандық топтың провокациялық қыймылдары АҚШ-тан алынған нұсқаулар бойынша жүзеге асырылып жатқандығына дағы да дәлелдейді.

Билеу-төстеуші топтардың кейін уақытша бітім туралы келісімді бұзу үшін уақытша бітімді бақылайтын бейтарап комиссияны таратуға ұмтылып отырғандығын Оңтүстік Кореяда болып жатқан оқыйғалар айқын көрсетеді.

АҚШ-тың мемлекеттік секретары

ГЕРМАН МИЛИТАРИЗМІН АЙЫПТАЙТЫН ДОКУМЕНТ

Расселдің «Свастикаға лағнат» деген кітабының жарыққа шығуы жайында

ЛОНДОН, 20 август. (СОТА). Лондонда Англияның бас әскери юрисінің бұрынғы көмекшісі лорд Расселдің «Свастикаға лағнат» деген кітабы басылып шығарылды. Кітап жарыққа шыққанға дейін, оны басып шығаруға жол бермеуге тырысудан туған саяси дау кезінде Англия мен басқа елдердің жұртшылығы оған назар аударған болатын.

11 августа «Дейли экспресс» газетінің тілшісі Чепмен Пинчер былай деп жазды: ресми топтар кітаптың басылып шығарылуы отырғанына тынышсыздануда, өйткені «ол немістерді қаруланғандық үкметтік жоспарларына қалып топтардың наразылығын күшейтер еді; Германияны кешіктірмей оған әрі қаруландыруға тырысушы американы саяси қайраткерлері мен қорғаныс басшыларына қыйыншылық тууына хауіп туғызар еді; Германияны қаруландыруға жол бермеуге ұмтылушылық өте күшті болып отырған Францияда антигермандық пікірлерді күшейтер еді».

Осыған байланысты лорд — канцлерге (кабинет мүшесі, сот ведомствосының басшысы және лордтар палатасының председатели) кітап жарияланған жағдайда бас әскери юрисінің көмекшісі қызметінен түсуге тиіс екені туралы Расселге ескерту жөнінде нұсқау берілді. Бұдан кейін Рассел орнынан түеті.

«Дейли экспресс» газетіне жазған хатында Рассел былай деді: «кәзір, үкмет қалайсыз жағдайда қалмауы үшін қызмет арымнан түскеннен кейін, мен қонбеуді ұйғарып, дұрыс істегендігіме қай уақыттағыдан болса да анағұрлым берік сенемін... Немістерді қаруландыру белгілі бір хауіптен сөзсіз байланысты екені кәзір, мен сыяқты, жұрттың бөріне де айқын түсінікті болуға тиіс. Барлық мүмкіншіліктер мен барлық фактілерді алды-ала салмақтап көрмейінше бұл аса маңызды мәселені толық негізден шешудің жолын ешкім де таба алмайды. Мен қарсылауға, немесе өз сеніміне өзім қарсы шығуға тиісті болатын шенке жеткендігімді білемін. Міне, сондықтан да мен ерікті болуды артық көрдім».

Осы хатында Рассел «бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік мүдделері үшін» нацистердің дүниежүзілік екінші соғыс кезіндегі айуандықтарын ұмытшау керек деп жазады.

Рассел өзінің кітабында документтерден алынған фактілер негізінде гитлершілердің озбырлығының жантүршігерлік картиналарын суреттейді. Рассел тұтқындарға түскен ағылшын, американы, француз және совет солдаттарының жаншай атып өлтірілуі туралы жазады. Ол жантүршігерлік өлім лагерлері — Майданек, Освенцим, Бухенвальд, Тремблинк, Маухтаузен және Дахау туралы өте әсерлі жазған.

Чехословакияның Лидице деревнясының, Францияның Орабур — сюр — глап деревнясының, Совет Одағының көптеген қалалары мен деревняларының, сол сыяқты, Голландияның, Бельгияның, Норве-

Облысымыздың жаңадан ұйымдасқан астық совхоздарында жаңа мектеп үйлерін салып, оларды толық жабықтау жұмыстары аяқталып келеді. Бұл күндері мектептердің оқу кластары мен кабинеттері безендірілуде. Мектептер парта, класс тақталарымен, тағы басқа құралдармен толық қамтамасыз етілді.

Октябрь ауданындағы Тимирязев атындағы совхозда да быйылғы жылы жаңадан жетікшілік мектеп үйі салынып, ол оқулықтар, жазу-сызу құралдарымен жеткілікті мөлшерде жабықты. Марьевка

орта мектебінің бұрынғы оқытушысы Галина Андреевна Белоусова, жолдас осы мектепке директорм болып тағайындалды. Сол сияқты, еліміздің ірі қалалары мен селоларынан тың оқуға тыңайған жерлерді игеруге келген Белькин, Шмарева, Шлыкова жолдасар да осы мектепте оқытушы болып қызмет атқарады.

Облыс совхоздарында жаңадан ашылған 12 мектепте быйыл 330-дан астам совхоздың жұмысшы қызметкерлерінің балалары оқыйтын болады.

А. ПАНИЧЕВ.

Тауда Хайнань аралының жағалауларында Қытайға қарсы қарулы арандатушылыққа басшылық еткен Американың 1-ші флотының командирі У. Филлипс пен Американың 7-ші флотының командирі А. Прайд Тайваньға осы ағда келетін көрінеді. Стамп Тайваньға келгеннен кейін осы аралдағы чанкай-шилік және американың соғыс чиновниктерімен кұпия кеңескен. Ол мұнымен қатар Чжэцзян жағалауында орналасқан чанкай-шилік бандалар басып алған Дачэнь аралында болады.

ғыс авантюрасын бастауға тырысып жүрген американың билеу-төстеуші топтарының күнібұрын әзірлеген жоспарының бір бөлігі болып табылады. Бұл АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллестің 3 августа болған баспасөз конференциясында сөйлеген сөзінен көрінеді, бұл сөзінде ол Кореяда уақытша бітімді бақылайтын бейтарап комиссияның жұмысын тоқтатуға АҚШ толық қосылады, деп мәлімдеді, мұның үстіне «барлық мәселе мұның өзін техникалық жарынан қалай жүзеге асыру керек екенінде болып отыр» де-

статьяларды уақытша бітім туралы келісімнен шығарып тастауға және жарамсыз деп жариялауға болады деген пікір білдірді. Алайда, келісімнің бейтарап комиссияға қатынасы бар статьялары Кореяда уақытша бітім туралы келісімнің үздіксіз бөлігі болып табылады және бұл статьяларды заңсыз шығарып тастау уақытша бітім туралы келісімнің өзін орындауды бұзуға сөзсіз апарып соғады.

АҚШ-тың билеу-төстеуші топтары лисымендік топтың қарулы күштерін ығырайту мақсатын көздеп, делінген мәлімдемде, уақытша бітім туралы келісімді өрескел бұзып, Оңтүстік Кореяның жеріне көштеген соғыс материалдарын үздіксіз тасуда. Американың телеграф агенттіктерінің хабарларына қарағанда, АҚШ-тың билеу-төстеуші топтары жақында Вашингтонда Ли Сын Манмен жүргізген келіссөздерінің нәтижесінде, АҚШ-Оңтүстік Кореяға соғыс жәрдемін бұрынғыдан да гөрі арттыруға тиіс, яғни онда бұрынғыдан да көп соғыс жабықтары жеткізіліп тұратын болады. Сондықтан да АҚШ пен Ли Сын Ман уақытша бітімді бақылайтын бейтарап комиссияны таратуды бұрынғыдан бетер долданып талап етуде.

КХІР үкіметі, делінген мәлімдемде, өзінің бейбітшілік саясатын берік ұстап отыр және отанды бейбіт жолмен біріктіру үшін күрес жүргізеді. Бұл саясаттың бірінші міндеті—Кореядағы уақытша бітімді баянды бейбітшілікке айналдыру болып табылады. Уақытша бітімді бақылайтын бейтарап комиссияның Біріккен Ұлттар Ұйымының әскерлері комиссия қызметкерлерінің хауісіздігін қамтамасыз етуге және бейтарап инспекциялық топтардың дұрыс жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасауға нәтижелі шаралар істеуге тиіс деген өлден әділетті талабын біз қолдаймыз. Кореяда уақытша бітім туралы келісім уақытша бітімді бақылайтын бейтарап комиссияға және оның инспекциялық топтарына екі жақтың бірдей барынша жәрдем беріп, көмек көрсетулерін көздейді.

Американың жағы уақытша бітім туралы келісімді бұзуға тырысқан әрекеттерін дереу тоқтатуға тиіс. Ол уақытша бітімді бақылайтын бейтарап комиссиясының қызметкерлеріне жасалып отырған заңсыз қымылдар үшін, оларды қорқытқандықтары үшін және бұдан туатын зардаптар үшін толық жауапты болуға тиіс.

БАЙКАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ МҮШЕЛЕРІ ИНДО-ҚЫТАЙҒА ҰШЫП КЕТТІ

ЛОНДОН, 20 август. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Калькуттадан мынағы хабарлады: Индо-Қытайдағы байқау және бақылау жөніндегі халықаралық комиссияның мүшелері—53 индус және 11 поляк 5 самолетпен Калькуттадан Индо-Қытайға ұшып кетті. 2 самолет Ханойға, 2 самолет—Вьен-Тьянга және 1 самолет Пном-Пеньге беталды.

Поляк, Канада және Индия өкілдерінен құралған комиссияның алдыңғы тобы бүгін самолетпен Сайгонға келді.

қанға бояп азаптағаны туралы жазылған жерлері адамның жан сезімін түршіктіреді.

12 миллион адам азапталып, атылып, тұтынықтырылып, асылып және өртеліп өлтірілді. Гитлерлік бас штаб жоспарлаған адамзат тарихында болып көрмеген жапшай қырлы-жоюдың қортындысы міне, осындай: Рассел Совет Одағының фашистер уақытша оккупациялап алған аудандарының халқы жөніндегі гитлер-шілдердің айуандық істері туралы толық баяндайды. Ол гитлершіл билеу, төстеу-шілдердің Совет Одағына «пасыздықпен шабуыл жасаудан көп бұрын соғыс жүргізу және бейбіт халыққа қалай қарау жөніндегі халықаралық ережелердің қандайын болса да сақтаудан бастартуды ұйғарғандығын атап көрсетті.

Рассел Батыс Германияда нацизмнің қайта тұдырылып жатқаны туралы ешнәрсе жазбайды. Алайда ол қысқаша ескертшелерде кейбір соғыс қылмыстыларының тағдыры туралы айтып, адамзатқа қарсы жантүршігерлік қылмыстары жасауға қатысқан көптеген адамдардың қазіргі уақытта Батыс Германияда өмір сүруде екенін атап көрсетеді.

Расселдің кітабы—герман милитаризмін және оны қайта тұдыруға тырысушыларды айыптайтын қабарлы документ. Сондықтан кітаптың дүниесіздігі екінің соғыс азабының қайталануын тілмейтін және Европа мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз етуге тырысушы қалың жұртшылықтың айырықша көңілін аударып отырғандығы таңданарлық нәрсе емес.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ҚУДАЛЫҚ ТОЙЫ»

Сеанстар 2-30, 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Біріккен балалар ауруханасының қала сыртындағы шаруашылығының жоғалған дөңгелек мөрі күшін жойды деп есептеледі.

«Сельхозмуканың» Петропавлдағы № 2 дүірмені 1954 жылдың 1 сентябрінен бастап, 30 күнге күрделі жөндеуге тоқтайды. Астық қабылдау 28 августқа дейін жүргізіледі.

Петропавл қаласы, Совет көшесі, 198-үнде тұрушы Клавдия Федоровна Пирко, Александр Александрович Пиркодан айрылатыны жөнінде арыз берді. Іс Солтүстік Қазақстан облыстық халық сотында қаралады.

Күздік дақылдар өсірілген жерлерді тыңайту үшін фосфоробактерин кеңінен қолданылсын

Өсімдіктер қоректерінің аса маңызды элементі фосфор болып табылады. Өсімдіктер фосфорды әсеріне өсуінің алғашқы кезеңінде өте күшті керек етеді.

Біздің жердің топырағында орасан көп фосфор бар. Бір гектар жердің жыртылудың қабатында 3 тоннадан 6 тоннаға дейін фосфор болады. Мұндай запас дәліл дақылдар өнімнің пайдаланатын фосфор мөлшерінен 200-300 есе көп.

Бірақ, фосфор запасының топырақта осындай көп болуына қарамастан, өсімдіктер оны қорек ретінде пайдалана алмайды, өйткені фосфор өсімдіктер нашар сіңіретін органикалық қоспалар түрінде болады.

Совет микробиологтері мынаны анықтады: Микроорганизмдердің әсерімен топырақтың органикалық заттары шіриді, сөйтіп ондағы фосфор өсімдіктер бойына сіңіре алатындай түрге айналады. Фосфордың органикалық қоспаларын жіктеп бөле алатын бактерияларды фосфор бактериялары деп атайды. Топырақта осындай бактериялар негүрлым көп болса, өсімдіктердің фосформен қоректенуіне солгүрлым қолайлы жағдайлар жасалады. Топырақтағы мұндай бактериялардың санын көбейту үшін фосфоробактерин препарат қолданылады, оның бір граммында 200-500 миллион фосфор бактериясы болады.

Озат колхоздардың тәжірибесі күздік дақылдар өсірілген жердің топырағына фосфоробактеринді енгізудің өте тиімді екендігін көрсетті. Ғылыми зерттеу мекемелері мен колхоздардың мәліметтеріне қарағанда, қаратопырақты емес өңірге фосфоробактеринді қолдану гектарына орта есеппен 1,5—2 центнер қосымша өнім алуға мүмкіндік береді. Ал қара топырақты өңірде қосымша өнім мұнан да артық болады.

Қолдануға оңай, өзінің құнының арзан және өте тиімді болғаны себепті фосфоробактерин колхозды деревняға жақсы мәлім және көп қолданылатын тыңайтқышқа айналды. Ол қаратопырақты және қаратопырақты емес өңірлердің көптеген облыстары мен өлкелерінің колхоздарында бірсыпыра жылдардан бері кеңінен қолданылып, жақсы нәтижелер беріп келеді. Мысалы, 1953 жылы Ростов облысы,

Егорлык ауданының Микоян атындағы колхозында фосфоробактеринді қолдану нәтижесінде күздік бидайдың өнімі гектарына орта есеппен 3,5 центнер артты, ал осы ауданның Ворошилов атындағы колхозында алынған қосымша өнім гектарына 6 центнер болды. Сол жылы Қырым облысында күздік бидайдың «Ворошиловская» сортынан алынған қосымша өнім гектарына мынадай болды: «Большевик» колхозында (қызылқоңыр топырақ) 2,5 центнер, «Новый путь» колхозында (саздақ қаратопырақта) — 4,6 центнер, Мичурин атындағы колхозда (бозғылқоңыр саздақ топырақ) 5,8 центнер. Назар аударарлық нәрсе мынау болды: Күздік бидайдан негүрлым мол өнім жыйналған учасоктерде фосфоробактерин қолданылғанда қосымша мол өнім алынды. Фосфоробактериннің тиімді әсер ететіндігі қаратопырақты емес өңірдегі жерлерде де байқалады. Молотов облысының Очерк ауданының Молотов атындағы және «Сталинский путь» колхоздарында күздік қарабидайдың «Вятка» сортынан алынған қосымша өнім гектарына орта есеппен 1,4-2 центнер; Владимир облысының колхоздарында алынған қосымша өнім гектарына 1,3 центнер болды.

Мұнда мынадай жағдай ерекше көзге түсті: тұқымды фосфоробактеринмен өңделген дақылдар анагүрлым жақсы өсті, олар анагүрлым тез көктеп шықты, фосфоробактеринмен өңделмеген егіспен салыстырғанда түптенуі де күштірек болды.

Исков облысы, Дедович ауданының «Красная заря» колхозында № 1 бидай-бидайық бұдан сортты күздік бидай 1952 жылы жеңіл саздақ топырақты парта егілді, мұнда фосфор ұнымен араластырылып жасалған 200 тонна көң енгізілді. 1953 жылғы көктемде бидай әр гектарға 0,5 центнерден келетіндей егіліп аммиак селитрасымен үстеп қоректендірілді. Бақылау мәліметінде бидайдан алынған өнім гектарына орта есеппен 15,5 центнер, ал есепті мәліметтен (фосфоробактерин қолданылған жерде) алынған өнім гектарына 19,5 центнер болды.

Фосфоробактериннің күздік дақылдардың өсіп жетілуіне нәтижелі әсер етуі

топырақ органикалық тыңайтқыштармен жақсы тыңайтылғанда ғана байқалады.

Фосфоробактеринді қолданған кезде белгіленген нұсқауларды бұлжытпай орындаудың зор маңызы бар. Тұқымды себер алдынан оған фосфоробактерин ерітіндісін біркелкі етіп құйып ылғалдан араластыру қажет. Бұл үшін бір гектар жерге арналған препарат суда ерітіледі. Бір литр суға ерітілген препаратпен 90—100 килограмм күздік қарабидай немесе күздік бидай тұқымы өңделеді. Демек, 0,5 литрлік шөлмектегі фосфоробактеринді 15-20 литр суда еріту қажет және оны ерітіндімен 10 гектар жерге егуге арналған тұқымды мұқият ылғалдауға болады. Бұдан кейін тұқым жұқалап жайып, кептіріледі де, содан кейін себіледі.

Күн сәулесі фосфоробактериясын жояды, сондықтан препаратты суға еріту және тұқымды ерітіндімен өңдеу жұмысын көлеңкелі жерде жүргізген жөн, тұқым формалинмен дәріленген болса, оны формалиннің буы ұшып кеткеннен кейін ғана фосфоробактеринмен өңдеуге болады. Құрғақ дәрілермен тұқым себер алдынан 3-5 күн бұрын өңделеді.

Тұқымды бактериялау жұмысы оны себер алдынан бірнеше сағат бұрын, немесе дәл себер алдында жүргізіледі, өйткені топырақтың тұқымға себілген бактерияларды ұдан қорғай алатын қабілеті бар екені анықталды.

Бұл жөнінде кейбір колхоздар өткен жылы елеулі қателіктерге жол берді. Мысалы, Москва облысының Можайск ауданындағы «Бородино» колхозы күздік бидайдың тұқымын гранозонмен және фосфоробактеринмен бір күнде өңдеген. Сондықтан тұқымды фосфоробактеринмен өңделген бидай учасоктерінің жалпы егінен ешқандай өреңділігі болмауына таңдануға да болады.

Фосфоробактеринді құрғақ және таза бөлмеде сақтау керек, мұндағы жылылық 1 градустан 10 градусқа дейінгі температурада болуы тиіс. Бірақ бұл жөнінде де ереже бұзушылыққа жол беріліп келеді. Мысалы, Можайск ауыл шаруашылығын жабықтау мекемесінде фосфоробактерин жаппаларға қойылған жәшіктерде сақталады, мұндағы температу-

раның құбылысы өте күшті, мұның өзі бактериялардың өмірге қабілеттілігіне қалайсыз әсер тигізуі мүмкін. Фосфоробактеринді улы химикаттармен бір бөлмеде сақтауға болмайды.

Фосфоробактеринді қолданған кезде мынаны есте ұстау қажет, ол топырақта фосфор бактерияларының жетілуіне қолайлы жағдайлар жасалған жағдайда органикалық тыңайтқыштар енгізіліп, топырақты жетке және дұрыс баптау жұмыстары жүргізілгенде ғана өгіннен анагүрлым мол қосымша өнім алуға мүмкіндік береді. Әсеріне топыраққа органикалық-минералдық тыңайтқыштардың енгізілуі фосфор бактерияларының жетілуіне көмектеседі.

Фосфор бактерияларының тез көбеюі үшін минерал тыңайтқыштарды топыраққа күздік дәнді дақылдар егілген жерге тұқыммен бірге енгізу өте пайдалы болады.

Быйылғы жылдың көктемінде бірсыпыра өлкелер мен облыстардың колхоздары фосфоробактеринді кең көлемде қолданды. Мәселен, Алтай өлкесінде бұл препарат 400 мың гектар жерде, оның ішінен едәуір бөлігі тың жерлерде қолданылды. Көктемгі егіс кезінде Россия Федерациясының колхоздарында ғана фосфоробактериннің 900 мың гектар егістікке жететіндей мөлшері пайдаланылды. Алайда, бірсыпыра облыстардың ауылшаруашылық органдары бұл препараттың маңызын жете бағаламады. Мәселен, Ярославль, Архангельск, Свердловск, Молотов және басқа кейбір облыстарда фосфоробактерин мүлде қолданылмады немесе ол болмашы мөлшерде ғана пайдаланылды.

Облыстарға жеткізілген фосфоробактеринді күздік дақылдар егілетін жерге түгелдей енгізу қажет. Препараттың бір гектар егістікке арналған мөлшері күздік егінінің шырымдылығын 1,5-2 центнер арттыра алатынын ескергенде, қосымша ондаған миллион пұт астық алу мүмкіншілігі бар. Бұл үшін ауылшаруашылық органдары күздік егу басталғанға дейінгі уақыттың ішінде зор ұйымдастырушылық және насихат жұмыстарын жүргізуі керек.

Агрономдар И. БОБКОВ, Н. СМЕРНОВА.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.